

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰБЫР ЖОЛДАРЫН  
ЖЫЛУМЕН ОҚШАУЛАУДЫ ЖОБАЛАУ**

---

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ ТЕПЛОВОЙ ИЗОЛЯЦИИ  
ОБОРУДОВАНИЯ И ТРУБОПРОВОДОВ**

**ҚР ЕЖ 4.02-102-2012**  
**СП РК 4.02-102-2012**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «НТЦ» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА, ТОО «НТЦ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	III
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ШЕШІМДЕР .....	2
4.1 Механикалық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету.....	2
4.2 Өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету .....	7
4.3 Адамның денсаулығын қорғау, гигиена, қоршаған ортаны қорғау және пайдалануға жарамдылығы бойынша жылу-техникалық материалдарға қойылатын талаптарды қамтамасыз ету.....	8
4.4 Материалдарды таңдау кезінде қауіпсіздік пен қолжетімділікті қамтамасыз ету .....	9
4.5 Энергия үнемделуін және жылу шығынының азаюын қамтамасыз ету .....	9
4.6 Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану әдістері.....	10
5 ЖАБДЫҚ ПЕН ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ЖЫЛУ ОҚШАУЛАНУЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ ...	11
5.1 Жылу оқшаулау конструкцияларындағы стационарлық жылу берілісінің есептік формулалары .....	11
5.2 Құбырлар мен жабдықтың жылу оқшаулануын есептеу .....	14
5.2.1 Жылу оқшаулау қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу .....	16
5.2.2 Оқшаулаудың қалыңдығын құбырлармен тасымалданатын зат температурасы төмендеуінің (жоғарылауының) берілген шамасы бойынша есептеу.....	19
5.2.3 Жылу оқшаулау қалыңдығын сыртқы бетінің берілген температурасы бойынша есептеу .....	20
5.2.4 Беткі қабатында ауадағы ылғалдың суға айналуын болдырмайтын оқшаулау қалыңдығын есептеу .....	22
5.3 Жылу желілері құбырларының жылу оқшаулануын есептеу .....	23
5.3.1 Жер үстімен төсеу .....	23
5.3.2 Адам өте алмайтын каналдарда жер астымен төсеу .....	23
5.3.3 Жер астымен каналсыз төсеу .....	26
А қосымшасы (міндетті) Жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарының есепті техникалық сипаттамалары.....	29
Б қосымшасы (ақпараттық) Тығыздалатын материалдардан жасалған жылу оқшаулау бұйымдарының қалыңдығы мен көлемін анықтау .....	32
В қосымшасы (ақпараттық) Құбырлардың жылу оқшаулануын есептеу мысалы .....	34
Г қосымшасы (ақпараттық) Жабдық пен құбырларға арналған жылу оқшаулау конструкцияларының шекті қалыңдықтары .....	36
Д қосымшасы (ақпараттық) Жылу оқшаулаудың қорғаныстық жабындарының номенклатурасы, техникалық сипаттамалары және болжалды қызмет ету мерзімі .....	37

**КІРІСПЕ**

Осы ережелер жинағы өнеркәсіптік жылу оқшаулауды жобалаудағы заманауи үрдістерді, стандарттау және нормалау жөніндегі халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын есепке ала отырып әзірленген. Нормативтік құжатта механикалық және өрт қауіпсіздігі, энергияны үнемдеу және жылу шығынын азайту, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі қолайлы құрылыстық шешімдер мазмұндалған. Құжатта жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулануының қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы; құбырлармен тасымалданатын зат температурасы төмендеуінің (жоғарылауының) берілген шамасы; оның бетінің берілген температурасы бойынша есептеу әдістері келтірілген. Ережелер жинағына жылу оқшаулау материалдарының есепті сипаттамалары, тығыздалу коэффициентіне қарай тығыздалатын талшықты жылу оқшаулау материалдарының көлемі мен қалыңдығын анықтау ережелері, жабдық пен құбырларға арналған жылу оқшаулау конструкцияларының шекті қалыңдықтары енгізілген. Жылу оқшаулауды есептеу мысалы, жылу оқшаулаудың қорғаныстық жабындарының номенклатурасы, техникалық сипаттамалары және қызмет ету мерзімі келтірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ****СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰБЫР ЖОЛДАРЫН ЖЫЛУМЕН ОҚШАУЛАУДЫ  
ЖОБАЛАУ****ПРОЕКТИРОВАНИЕ ТЕПЛОВОЙ ИЗОЛЯЦИИ  
ОБОРУДОВАНИЯ И ТРУБОПРОВОДОВ**

---

Енгізілген күні **2015-07-01****1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы ережелер жинағы халықаралық нормалау қағидаларына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді дамыту үшін әзірленген және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың техникалық кедергілерін жоюға бағытталған.

1.2 Ережелер жинағы техникалық шешімдерді және олардың ҚР ҚН 4.02-02 функционалдық талаптарына сәйкестігіне қол жеткізу тәсілдерін ұсынады. Жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулануының жұмыс сипаттамаларының ең төмен деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін қолайлы құрылыстық шешімдерді ұсынады.

1.3 Қолайлы құрылыстық шешімдер ҚР ҚН 4.02-02 талаптарын орындаудың жалғыз тәсілі болып табылмайды және қауіпсіздік, сенімділік және төзімділік талаптарына жауап беретін материалдар мен технологиялардың қолданылуын шектемейді.

1.4 Бұл ережелер жиынтығы ғимараттарда, имараттарда және ашық ауада орналасқан жабдықтардың, құбырлардың, газ құбырларының және ауа өткізгіштердің сыртқы беттерінің температурасы минус 180-нен 600 ° С дейінгі температурада термиялық оқшауланған кезде байқалады, соның ішінде жылу желілерінің құбырларын барлық төсеу жолдары бар және олардың жұмыс сенімділігін, қауіпсіз пайдалануын және энергияны үнемдеудің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге арналған. Жобалау кезінде ЕАЭО-ға мүше елдер аумағында жұмыс істейтін технологиялық жобалау нормалары мен басқа нормативтік құжаттарда қамтылған жылу оқшаулау талаптарын сақтау қажет.

1.5 Осы ережелер жарылғыш заттары бар және оларды тасымалдайтын жабдық пен құбырлардың, сұйытылған газдардың изотермиялық қоймаларының, жарылғыш заттарды өндіруге және сақтауға арналған ғимараттар мен үй-жайлардың, атом станциялары мен қондырғыларының жылу оқшаулануын жобалауда қолданылмайды.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

17.11.2010 ж. № 1202 «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

---

**Ресми басылым**

## **ҚР ЕЖ 4.02-102-2012**

16.01.2009 ж. №14 «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

EN 15316-1:2007 Ғимараттардағы жылыту жүйелері – Энергетикалық талаптар жүйесін және жүйе тиімділігін есептеу әдістемесі – 1-бөлім.

EN 15316-3-3 Ғимараттардағы жылыту жүйелері – Энергетикалық талаптар жүйесін және жүйе тиімділігін есептеу әдістемесі – 3-3-бөлім: ыстық сумен жабдықтау, жылыту.

EN 15316-4-4 Ғимараттардағы жылыту жүйелері – Энергетикалық талаптар жүйесін және жүйе тиімділігін есептеу әдістемесі – 4-4-бөлім: Жылу энергиясы жүйесі, құрамдастырылған генерацияның құрылыстық-интеграцияланған жүйесі.

ҚР ЕЖ EN 1991-1-5:2003/2011 Ұлттық қосымшасымен. Күш түсетін конструкцияларға әсер ету.1-5 бөлімі. Жалпы әсер ету. Температуралық әсер ету.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚН 4.02-02-2011 Жабдықтар мен құбыр жолдарын жылумен оқшаулау.

ҚР ҚНжЕ 2.04.01-2001 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚНжЕ 41-02-2003 Жылу желілері.

ҚНжЕ 41-03-2003 Жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулануы.

МЕМСТ 618-73 Техникалық мақсаттарға арналған алюминий жұқалтыр. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 4640-93 (2004 ж. шығ.) Минералды мақта. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10499-95 (2004 ж. шығ.) Шыны штапель талшықтан жасалған жылу оқшаулау бұйымдары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 17314-81 Болат ыдыс пен аппараттардың жылу оқшаулануын бекітуге арналған құрылғылар. Конструкциясы және өлшемдері. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 30732-2001 Полиэтилен қабықшадағы көбікті полиуретаннан жасалған жылу оқшаулауы бар болат құбырлар және қалыпқа келтірілген бұйымдар. Техникалық шарттар.

ЕСКЕРТПЕ Осы ережелер жинағын пайдалану кезінде ағымдағы жылдағы ахуал бойынша «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының көрсеткіші», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі» атты жыл сайын басып шығарылатын ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтемелік стандарттар мен нормативтік құжаттардың қолданылуын тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы ережелер жинағын пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмастан, алып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалатын ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы ережелер жинағында ҚР ҚН 4.02-02 тиісті анықтамаларымен келтірілген терминдер қолданылады.

### **4 ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ШЕШІМДЕР**

#### **4.1 Механикалық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету**

4.1.1 Каналсыз төсеу кезіндегі құбырлардың жылу оқшаулау конструкциясының

сығылуға беріктігі 0,4 МПа-дан кем болмауы тиіс.

Жылу оқшаулау қабатының материалын таңдау кезінде температурасы 19-дан 0°C-қа дейінгі беттерді теріс температуралы беттерге жатқызу ұсынылады.

4.1.2 Соққы әсерлері мен дірілге ұшырайтын жабдық пен құбырлар үшін өте жұқа базальт немесе асбест талшық негізіндегі жылу оқшаулау бұйымдарын немесе пайдалану жағдайларындағы дірілге төзімділігі аккредиттелген ұйымдар орындаған сынақтардың нәтижелерімен расталған басқа да материалдарды қолдану ұсынылады.

Дірілге ұшырайтын объектілер үшін қорғаныстық сылақ жабындарын қолдану кезінде қорғаныстық сылақ жабынын кейіннен бояй отырып, жабыстыруды қарастыру мақсатқа сай болады.

4.1.3 Құбырларды жер астымен каналсыз төсеу және адам өте алмайтын каналдарда төсеу кезінде металл жамылғы қабатын қолдануға болмайды.

Сыртында полимер жабыны бар жұқа табақты металдан жасалған жамылғы қабатын күн сәулесінің тікелей ықпалына ұшырайтын жерлерде қолдануға болмайды.

4.1.4 Құбырларды каналмен төсеу кезінде және үй-жайларда, туннельдерде, ғимараттардың жертөлелері мен шатырларында орналасқан оқшауланатын объектілер үшін алюминий жұқа қаңылтырдан немесе шыны матадан (шыны кенеп, шыны жөке) және көбіктенген синтетикалық каучуктан жабыны бар, талшықты материалдардан жасалған бұйымдар (кәштелген) негізіндегі жылу оқшаулау конструкцияларында жамылғы қабатын қарастырмау ұсынылады.

4.1.5 Жабық қуысты көбіктенген полимерлерден жасалған жылу оқшаулау материалдары қолданылған жағдайда, бу оқшаулау қабатын қолдану қажеттігі есеппен негізделуі тиіс. Бу оқшаулау қабаты алып тасталған жағдайда, бұйымдардың түйіскен жерлерін су буларын өткізбейтін материалдармен герметикалауды қарастыру мақсатқа сай болады.

4.1.6 Жабдық пен құбырлардың пайдалану барысында жүйелі түрде бақылап отыруды қажет ететін элементтері үшін құрастырмалы-жинамалы алынып-салынбалы жылу оқшаулау конструкциялары қарастырылады.

Алынып-салынбалы жылу оқшаулау конструкцияларын люктарды, ернемекті жалғастыруларды, арматураны, құбырлардың тығыздамалы және сифонды компенсаторларын, сондай-ақ оқшауланатын беттердің жай-күйін тексеретін және өлшейтін жерлерде оқшаулау үшін қолдану мақсатқа сай болады.

4.1.7 Жылу оқшаулау конструкциясы оның деформациясын және пайдалану барысында жылу оқшаулау қабатының сырғып түсуін болдырмауы тиіс. Жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларының құрамында, қағида бойынша конструкциялардың механикалық беріктігін және пайдаланудағы сенімділігін қамтамасыз ететін тірек элементтер мен жүкті жеңілдету құрылғылары қарастырылады.

Құбырлар мен жабдықтың вертикаль бөліктерінде биіктігі бойында әрбір 3-4 м сайын тірек конструкцияларын қарастыру ұсынылады.

Жылу оқшаулау конструкцияларының тұтастығын сақтау мақсатында оқшауланатын объект материалдары мен жылу оқшаулау конструкциясы материалдарының температуралық кеңею коэффициенттерінің айырмашылығына байланысты конструкцияда пайда болатын кернеулерді бейтараптандыру үшін температуралық жіктер қарастырылуы тиіс: оқшауланатын беттің температурасы 200°C-қа дейін болғанда – әрбір

## ҚР ЕЖ 4.02-102-2012

5 м сайын; 200-300°С болғанда – әрбір 4 м сайын; 300-400°С болғанда – әрбір 2,7 м сайын, 400°С-тан астам болғанда – әрбір 2 м сайын.

4.1.8 Заттары теріс температурадағы жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларында жылу оқшаулау қабатының бүкіл жалпақтығы арқылы өтетін металдан жасалған бекіту бөлшектері қолданылмауы тиіс. Бекіту бөлшектерін немесе олардың бөліктерін жылу өткізгіштігі 0,23 Вт/ (м·°С)-тан аспайтын материалдардан қарастыру мақсатқа сай болады.

Ағаштан жасалған бекіту бөлшектерін антипиренмен және антисептикалық құраммен өңдеу ұсынылады.

Көміртекті болаттан даярланған бекіту элементтерінде, қағида бойынша, коррозияға қарсы жабын болуы тиіс.

4.1.9 Жылу оқшаулау конструкциясын теріс температурадағы бетке бекіту үшін қарастырылатын бөлшектерде, қағида бойынша, коррозияға қарсы жабын болуы тиіс немесе олар коррозияға төзімді материалдардан даярлануы тиіс.

Оқшауланатын бетпен жанасатын бекіту бөлшектерін:

- минус 40-тан 400°С-қа дейінгі температурадағы беттер үшін – көміртекті болаттан;
- 400-ден жоғары және минус 40°С-тан төмен температурадағы беттер үшін – оқшауланатын бет жасалған материалдан қарастыру ұсынылады.

Жылу оқшаулау қабатын қоршаған ортаның есепті температурасы минус 40°С-тан төмен болатын аудандарда ашық жерде орналасқан жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларының жамылғы қабатына бекіту элементтерін легирленген болаттан немесе алюминийден қолдану мақсатқа сай болады.

4.1.10 Жылу оқшаулаудың жамылғы қабатының конструкциясында, қағида бойынша, оқшауланатын объект пен жылу оқшаулау конструкциясының температуралық деформацияларын бейтараптандыру мүмкіндігі болады.

Горизонталь құбырлардың қорғаныстық жабындарындағы температуралық жіктерді – компенсаторларда, тіректер мен бұрылыстарда, ал вертикаль құбырларда тірек конструкциялары орнатылатын жерлерде қарастыру ұсынылады.

Қалыпталған қатты бұйымдармен оқшаулау кезінде температуралық жіктер орналасқан жерлерде талшықты материалдардан ендірмелерді қарастыру мақсатқа сай болады.

4.1.11 Қоршаған орта ауасының есепті температурасы минус 40°С және одан төмен болатын аудандарда ашық жерде орналасқан жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларының жамылғы қабатына материал таңдауды, қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша материалдарды қолданудың температуралық шектерін есепке ала отырып, жүргізу ұсынылады.

4.1.12 Заттары теріс температурадағы жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулауы жамылғы қабатының бекіту конструкциясы бу оқшаулау қабатының пайдалану барысында зақымдалу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

4.1.13 Теріс температурадағы жабдық пен құбырлар үшін, тұтас желімдеусіз орама материалдардан бу оқшаулау қабатын қолданған жағдайда, бу оқшаулау қабатының жіктерін герметикаландыруды қарастыру мақсатқа сай болады; оқшауланатын беттің температурасы минус 60°С-тан төмен болған жағдайда да жамылғы қабатының жіктерін герметиктермен немесе желімделетін таспалы материалдармен герметикаландыру қарастырылуы тиіс.

4.1.14 Оң температурадағы жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкциясында толассыз жылу өткізгіш қосындылар болмауы тиіс.

Оң температурадағы жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларының құрамында тірек сөрелер мен жүкті жеңілдету құрылғыларын жобалау кезінде жылу ағыны тығыздығының және жылу өткізгіш қосындылар өтетін жерлерде жылу оқшаулау конструкциясының бетіндегі температураның жоғарылауын болдырмайтын жылуды аз өткізетін материалдардан жасалған тіректер немесе төсемдер түріндегі конструкциялық элементтер қарастырылуы тиіс.

4.1.15 Жылу желілері құбырларын құрғақ топырақта каналсыз төсеу үшін су өткізбейтін жамылғы қабаты бар, көбікті полиуретаннан немесе полимер бетоннан жасалған қалыпталған жеке-дара бұйымдармен (қабықтар, сегменттер) оқшаулау қолданылуы мүмкін, бұл ретте жылу оқшаулау бұйымдарын суға және температураға төзімді мастикалармен немесе желімдермен бекіту қажет.

4.1.16 Соққы әсерлері мен дірілге ұшырайтын жабдық пен құбырлар үшін өте жұқа базальт немесе асбест талшық негізіндегі жылу оқшаулау бұйымдарын қолдану ұсынылады.

Ішіндегі заттары теріс температурадағы жабдық пен құбырларға арналған жылу оқшаулау конструкцияларындағы бу оқшаулау материалы қабаттарының санын 1-кесте бойынша қабылдау ұсынылады.

**1-кесте – Оқшауланатын беттің температурасы мен пайдалану мерзіміне қарай бу оқшаулау материал қабаттарының саны**

Гидрооқшаулау материалы	Қалыңдығы, мм	Жылу оқшаулау конструкциясындағы бу оқшаулау материалы қабаттарының саны					
		Минус 60-тан 19°С-қа дейін		Минус 61-ден минус 100°С-қа дейін		Минус 100°С-тан төмен	
		8 жыл	12 жыл	8 жыл	12 жыл	8 жыл	12 жыл
Полиэтилен пленка	0,15-0,2	2	2	2	2	3	-
Желімдеуші поливинилбутирал пленка	0,21-0,3	1	2	2	2	2	3
Қызуға төзімді полиэтилен пленка	0,31-0,5	1	1	1	1	2	2
Алюминий жұқалтыр	0,06-0,1	1	2	2	2	2	2
Изол	2	1	2	2	2	2	2
Рубероид	1	3	-	-	-	-	-
	1,5	2	3	3	-	-	-

ЕСКЕРТПЕ 1 Бу өткізгіштікке кедергі жасаудың кестеде келтірілгендерден төмен емес деңгейін қамтамасыз ететін басқа материалдарды қолдануға болады.  
2 Бу өткізгіштік коэффициенті 0,1 мг/(м·сағ·Па)-дан төмен, жабық кеуекті материалдар үшін барлық жағдайларда бір бу оқшаулау қабаты алынады.

Дірілге ұшырайтын объектілер үшін қорғаныстық сылақ жабындарын қолдану кезінде қорғаныстық сылақ жабынын кейіннен бояй отырып, жабыстыру қарастырылуы тиіс.

Оқшаулау бетінде берілген температураны қамтамасыз етуге арналған жылу оқшаулау конструкцияларында жамылғы қабаты ретінде қаралық дәрежесі 0,9-дан төмен

## ҚР ЕЖ 4.02-102-2012

емес материалдарды қолдану ұсынылады (сәулелену коэффициенті  $5,0 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{К}^4)$ -дан төмен емес).

Құбырларды каналсыз төсеу кезінде негізгі қабаттың жылу өткізгіштігі жылу оқшаулау материалының және топырақтың түріне қарай 2-кестеге сәйкес анықталады.

Жамылғы қабаты үшін қолданылатын металл табақтардың, таспалардың қалыңдығын жылу оқшаулау конструкциясының сыртқы диаметріне немесе пішініне қарай 3-кесте бойынша қабылдау ұсынылады.

**2-кесте – К ылғалдану коэффициенті**

Жылу оқшаулау қабатының материалы	К ылғалдану коэффициенті		
	Топырақ түрі		
	Ылғалдылығы төмен	Ылғалды	Сумен қаныққан
Көбікті полиуретан	1,0	1,0	1,0
Арматураланған көбікті бетон	1,05	1,05	1.1
Көбікті полимер минерал	1,05	1,05	1.1

**3-кесте – Жылу оқшаулаудың жамылғы қабаты үшін металл табақтардың қалыңдығы**

Жамылғы қабатының материалы	Оқшаулау диаметрі, мм болғанда табақтың қалыңдығы, кем емес			
	350 және одан төмен	350-ден жоғары және 600-ге дейін	600-ден жоғары және 1600-ге дейін	1600-ден жоғары және жайпақ беттер
Тоттанбайтын болаттан жасалған табақтар мен таспалар	0,5	0,5	0,8	0,8
Полимер жабынды жұқа табақты болаттан жасалған табақтар	0,5	0,8	0,8	1,0
Алюминийден және алюминий қорытпалардан жасалған табақтар	0,3	0,5	0,8	1,0
Алюминийден және алюминий қорытпалардан жасалған таспалар	0,25	0,3	0,8	1,0

**4-кесте – Сылақ жабынының қалыңдығы**

Оқшаулау материалының түрі (негіздеме)	Сылақ жабынының қалыңдығы, мм		
	Оқшауланатын объект түрі		
	Құбырлардың сыртқы диаметрі, мм		Жабдық
133-ке дейін	159 және одан жоғары		
Қатты бұйымдар	10	15	20
Талшықты бұйымдар	15	15—20	20—25

Қалыңдығы 0,25-0,3 мм болатын, алюминийден және алюминий қорытпалардан жасалған табақтар мен таспаларды кеңірдектенген етіп қабылдау ұсынылады. Үй-жайда орналасқан жылу оқшауланған беттің сыланған жамылғы қабаты матамен желімделуі тиіс. Қатты немесе талшықты материалдарды төсеу кезінде сылақ жабынының қалыңдығын оқшауланатын объектінің диаметріне қарай 4-кесте бойынша қабылдау ұсынылады.

## **4.2 Өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету**

4.2.1 Жылу оқшаулау конструкцияларында қолданылатын материалдарды пайдалану барысында шекті мүмкіндіктегі шоғырлануынан асатын көлемде өрт және жарылыс қаупі бар заттарды бөлмеуі тиіс.

4.2.2 Жанғыштық тобы Ж3 және Ж4 болатын материалдардан жасалған жылу оқшаулау конструкцияларын:

- а) IV дәрежелі отқа төзімділіктегі ғимараттардан, бір пәтерлі тұрғын үйлерден және салқындатылатын тоңазытқыш үй-жайларынан басқа ғимараттарда;
- б) жеке тұрған жабдықтан басқа сыртқы технологиялық қондырғыларда;
- в) жанғыш заттарды тасымалдайтын кабельдер мен құбырлар болған жағдайда, эстакадаларда және галереяларда орналасқан жабдық пен құбырлар үшін қарастыруға болмайды.

Бұл ретте Ж3 немесе Ж4 тобындағы жанғыш материалдарды:

- қалыңдығы 2 мм-ден аспайтын бу оқшаулау қабаты;
- қалыңдығы 0,4 мм-ден аспайтын бояу қабаты немесе пленка;
- ең көп дегенде құбыр ұзындығының әрбір 30 м сайын жанбайтын материалдардан ұзындығы 3 м ендірмелерді жіберу кезінде, I және II отқа төзімділік дәрежесіндегі ғимараттарда тек сыртқа ғана шығатын техникалық жертөле қабаттары мен еден астында орналасқан құбырлардың жамылғы қабаты;
- құйма көбікті полиуретаннан жасалған жылу оқшаулау қабаты және сыртқы технологиялық қондырғылардағы мырышпен қапталған болаттан жасалған жамылғы қабаты үшін қолдану мүмкін болады.

Биіктігі 6 м және одан асатын сыртқы технологиялық қондырғылар үшін қолданылатын Ж1 және Ж2 тобындағы әлсіз жанатын материалдардан жасалған жамылғы қабатын шыны мата негізінде алу ұсынылады.

4.2.3 Жер үстімен өткізілетін құбырлар үшін Ж3 және Ж4 тобындағы жанғыш материалдардан жасалған жылу оқшаулау конструкцияларын қолдану кезінде:

- ең көп дегенде құбыр ұзындығының әрбір 100 м сайын жанбайтын материалдардан ұзындығы 3 м ендірмелерді;
- ішінде жанғыш газдар мен сұйықтықтар бар технологиялық қондырғылардан кем дегенде 5 м қашықтықта жылу оқшаулау конструкцияларының жанбайтын материалдардан жасалған бөліктерін қарастыру мақсатқа сай болады.

Құбыр өртке қарсы тосқауылды кесіп өтетін жағдайда, жылу оқшаулау конструкцияларын өртке қарсы тосқауылдың көлемі шегінде жанбайтын материалдардан қарастыру ұсынылады.

Жылу өткізу конструкцияларын жанбайтын қабықтағы жанғыш материалдардан жасалған жылу оқшаулауда қолданған жағдайда, қағида бойынша, өртке қарсы ендірмелер қарастырылмайды.

### **4.3 Адамның денсаулығын қорғау, гигиена, қоршаған ортаны қорғау және пайдалануға жарамдылығы бойынша жылу-техникалық материалдарға қойылатын талаптарды қамтамасыз ету**

4.3.1 Жылу оқшаулау конструкцияларында қолданылатын материалдар пайдалану барысында шекті мүмкіндіктегі шоғырлануынан асатын көлемде зиянды, жағымсыз иіс шығаратын заттарды, сондай-ақ ауру тудыратын бактерияларды, вирустарды және зендерді бөлмеуі тиіс.

4.3.2 Үй-жайлардағы ауаның құрамында шаңның болуына жоғары санитарлық-гигиеналық талаптар қойылатын объектілерді жобалау кезінде жылу оқшаулау конструкцияларында үй-жайлардағы ауаны ластайтын материалдарды қолдануға болмайды.

Жұқа және өте жұқа минералды (базальт және шыны) талшықтар негізіндегі жылу оқшаулау бұйымдарын, барлық жағынан шыны немесе кремнезем матамен қоршалған, герметикалық қорғаныс жабыны бар өте жұқа минералды талшықтан жасалған бұйымдарды немесе аталған санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі аккредиттелген ұйымдар орындаған сынақтардың нәтижелерімен расталған басқа да материалдарды қолдану мақсатқа сай болады.

4.3.3 Тамақ өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған үй-жайлардағы металл емес материалдардан жасалған жамылғы қабатының астына, қағида бойынша, ұяшықтары 12x12 мм-ден аспайтын, диаметрі 1 мм-ден кем емес сымнан жасалған болат тор орнату қарастырылады.

4.3.4 Жылу оқшаулауды жобалау кезінде ылғал болған жағдайда жабдық пен құбырлардың металл беттеріне жылу оқшаулау материалының немесе оның құрамына енетін химиялық заттардың коррозиялық ықпал ету мүмкіндігін есепке алу ұсынылады. Оқшауланатын беттің материалына (көміртекті болат, легирленген болат, түсті металлдар және қоспалар) және коррозия түріне (тотығу, сілтілі коррозия, кернеуден шытынау) қарай жобалауға берілетін техникалық тапсырмада жылу оқшаулау материалының құрамында суда еритін хлоридтерді, фторидтерді, бос сілтілерді және рН материалын шектеу талаптарын көрсету мақсатқа сай болады.

4.3.5 Жер үстімен және жер астымен төселген жабдық пен құбырларды оқшаулау үшін қолданылатын жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарының есепті сипаттамаларын, конструкциядағы тығыздықты, пайдалану жағдайларындағы ылғалдылықты, бекіту элементтерінің суық көпірлерінің ықпалын және жіктерді есепке ала отырып, қабылдау ұсынылады.

4.3.6 Агрессивті орта ықпалына ұшырайтын жылу оқшаулау конструкциялары үшін металл жабындарының коррозиядан қорғалуын қарастыру мақсатқа сай болады.

Жамылғы қабаты ретінде мырышпен қапталған жұқа табақты болат пайдаланылған жағдайда, мырыш жабынының қалыңдығы, ортаның агрессивті ықпалының дәрежесін және жамылғы қабатының болжалды қызмет ету мерзімін есепке ала отырып, бірақ 20

мкм-ден кем емес болып таңдалады.

Жамылғы қабаты ретінде алюминийден және алюминий қоспаларынан жасалған табақтар мен таспалар және боялмаған болат тордағы жылу оқшаулау қабаты қолданылған немесе қаңқа орнатылған жағдайда, жамылғы қабатының астына орама материалдан жасалған төсемді орнату немесе жамылғы қабатын ішкі жағынан битумды лакпен бояу қарастырылуы тиіс.

4.3.7 Жер астында каналмен төселетін құбырларға арналған жылу оқшаулау қабаты ретінде қолданылатын, минералды мақтадан (тас мақтадан және шыны талшықтарынан) жасалған бұйымдар су жұқпайтын болулары тиіс.

Ылғалмен әрекеттесу кезінде құрылымы бұзылатын жылу оқшаулау материалдарын (құрамында асбест бар мастикалық оқшаулау, әкті-кремнеземді, перлитті-цементті және совелитті бұйымдар) қолдануға болмайды.

#### **4.4 Материалдарды таңдау кезінде қауіпсіздік пен қолжетімділікті қамтамасыз ету**

4.4.1 Жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларының құрамында жылу оқшаулау және жамылғы қабаттары ретінде қолданылатын материалдардың өнімнің сапасына қойылатын талаптарға, санитарлық-гигиеналық талаптарға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі аккредиттелген ұйымдар орындаған сынақтардың нәтижелерімен расталуы тиіс.

4.4.2 Ішіндегі заттарының температурасы теріс болатын жабдық пен құбырларды жылу оқшаулау конструкциялары үшін және адам өте алмайтын каналдарда жер астымен төселген құбырларды оқшаулау үшін құрамында асбест бар жылу оқшаулау материалдарын қолдануға болмайды.

4.4.3 Жылу оқшаулау материалдары мен жамылғы қабаттарын таңдау кезінде жылу оқшаулау конструкциясы элементтерінің оқшауланатын объектінің құрамындағы заттардың ықтимал әсер етуін қоса алғандағы қоршаған ортаның химиялық тұрғыдан агрессивті факторларына төзімділігін есепке алу ұсынылады.

Құрамында күшті тотықтандырғыштар (сұйық оттегі) бар жабдық пен құбырлар конструкцияларын оқшаулау үшін құрамында органикалық заттар бар жылу оқшаулау материалдарын қолдануға болмайды.

Металл жабындар үшін, қағида бойынша, коррозияға қарсы қорғау қарастырылады немесе агрессивті орта ықпалына ұшырамайтын материал таңдалады.

#### **4.5 Энергия үнемделуін және жылу шығынының азаюын қамтамасыз ету**

4.5.1 Ішіндегі заттарының температурасы 20°C-тан 300°C-қа дейінгі аралықтағы жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларында төсеудің барлық (каналсыз төсеуден басқа) тәсілдері үшін тығыздығы 200 кг/м<sup>3</sup>-ден аспайтын және құрғақ күйіндегі жылу өткізгіштік коэффициенті, орташа температура 25°C болғанда, 0,06 Вт/(м·К)-ден аспайтын жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарын қолдану ұсынылады.

Шартты өткіні 50 мм-ге дейінгі құбырларды оқшаулау үшін асбест бауларды қолдануға болады.

4.5.2 Ішіндегі заттарының температурасы 300°C-тан басталатын және одан жоғары жабдық пен құбырлардың көп қабатты жылу оқшаулау конструкцияларының бірінші жылу оқшаулау қабаты ретінде тығыздығы 350 кг/м<sup>3</sup>-ден аспайтын және жылу өткізгіштік коэффициенті, орташа температура 300°C болғанда, 0,12Вт/(м·К)-ден аспайтын жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарын қолдануға болады.

4.5.3 Ішіндегі заттарының температурасы 300°C және одан жоғары жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау конструкцияларының екінші және одан кейінгі жылу оқшаулау қабаттары ретінде төсеудің барлық (каналсыз төсеуден басқа) тәсілдері үшін тығыздығы 200 кг/м<sup>3</sup>-ден аспайтын және жылу өткізгіштік коэффициенті, орташа температура 125°C болғанда, 0,08 Вт/(м·К)-ден аспайтын жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарын қолдану ұсынылады.

4.5.4 Оң температурадағы құбырлардың жылу оқшаулау қабаты үшін каналсыз төсеу кезінде тығыздығы 400 кг/м<sup>3</sup>-ден аспайтын және жылу өткізгіштігі, материалдың температурасы 25°C және тиісті мемлекеттік стандарттарда немесе техникалық шарттарда көрсетілген ылғалдылық болған жағдайда, 0,07 Вт/(м·К)-ден аспайтын материалдарды қолдану мақсатқа сай болады.

4.5.5 Теріс температурадағы жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулау қабаты үшін тығыздығы 200 кг/м<sup>3</sup>-ден аспайтын және конструкциядағы есепті жылу өткізгіштігі, заттардың температурасы минус 40°C және одан жоғары болғанда, 0,05 Вт/(м·К)-ден аспайтын және минус 40°C болғанда 0,04Вт/(м·К)-ден аспайтын жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарын қолдану ұсынылады.

4.5.6 Оқшаулау бетінде берілген температураны қамтамасыз етуге арналған жылу оқшаулау конструкцияларында жамылғы қабаты ретінде қаралық дәрежесі 0,9-дан төмен емес материалдарды қолдану ұсынылады (сәулелену коэффициенті 5,0 Вт/(м<sup>2</sup>·К<sup>4</sup>)-дан төмен емес).

4.5.7 Каналсыз төсеу кезінде полиэтилен қабықтағы көбікті полиуретаннан жасалған оқшаулауы бар, алдын ала оқшауланған құбырлар оқшаулау ылғалдылығын жедел қашықтықтан бақылау (ЖҚБ) жүйесімен жабдықталуы тиіс.

#### **4.6 Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану әдістері**

Ішіндегі заттарының температурасы минус 180-нен 600°C-қа дейінгі жабдықтың сыртқы бетінің жылу оқшаулауын жобалау кезінде табиғи ресурстарды үнемді және ұтымды пайдалану үшін жылу оқшаулау қабатының параметрлерін белгілеуді келесі есіптік әдістермен жүргізу ұсынылады:

а) жабдық пен құбырлардың оқшауланған беті арқылы жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша;

б) жылу ағынының берілген мәні бойынша;

в) оқшаулау бетіндегі берілген температура бойынша;

г) ішіндегі заттарының температурасы қоршаған орта температурасынан төмен болатын жабдық пен құбырлардың жылу оқшаулануының жамылғы қабатында қоршаған ортадағы ылғалдың суға айналуын болдырмау мақсатында;

д) құбырлармен тасымалданатын зат температурасы төмендеуінің (жоғарылауының) берілген мәні бойынша;

е) белгілі бір уақыт ішінде сыйымды ыдыстарда сақталатын заттың салқындауының (жылуының) берілген мәні бойынша;

ж) құбырлардағы сұйық заттың қатып қалуын болдырмау немесе тұтқырлығын арттыру мақсатында оның қозғалысын тоқтата тұрудың берілген уақыты бойынша;

к) бу өткізгіштердегі конденсаттың берілген мөлшері бойынша;

л) құрамында еріген кезде конденсацияланған су буларында агрессивті өнімдердің түзілуіне алып келуі мүмкін су булары мен газдар болатын газ тәріздес заттарды тасымалдайтын объектілердің ішкі беттерінде ылғалдың суға айналуын болдырмау мақсатында.

## 5 ЖАБДЫҚ ПЕН ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ЖЫЛУ ОҚШАУЛАНУЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

### 5.1 Жылу оқшаулау конструкцияларындағы стационарлық жылу берілісінің есептік формулалары

Жайпақ беттер арқылы берілетін жылу ағынының беттік тығыздығы мына формулалар бойынша есептеледі:

бір қабатты жайпақ қабырға

$$q_F = \frac{t_{iшкі} - t_c}{R_{iшкі} + R_{қаб.} + R_{оқи.} + R_c}, \quad (1)$$

$n$  қабаттан тұратын көп қабатты жайпақ қабырға

$$q_F = \frac{t_{iшкі} - t_c}{R_{iшкі} + R_{қаб.} + \sum_{i=1}^n R_i + R_c}, \quad (2)$$

Цилиндрлік беттер арқылы берілетін жылу ағынының сызықты тығыздығы мына формулалар бойынша есептеледі:

бір қабатты цилиндрлік қабырға

$$q_L = \frac{t_{iшкі} - t_c}{R_{iшкі}^L + R_{қаб.}^L + R_{оқи.}^L + R_c^L}, \quad (3)$$

$n$  қабаттан тұратын көп қабатты цилиндрлік қабырға

$$q_L = \frac{t_{iшкі} - t_c}{R_{iшкі}^L + R_{қаб.}^L + \sum_{i=1}^n R_i^L + R_c^L}, \quad (4)$$

**ҚР ЕЖ 4.02-102-2012**

мұнда  $q_F$  – жайпақ жылу оқшаулау конструкциясы арқылы берілетін жылу ағынының беттік тығыздығы, Вт/м<sup>2</sup>;

$t_{iшкі}$  – оқшауланатын объектінің ішіндегі орта температурасы, °С;

$t_c$  – қоршаған орта температурасы, °С;

$R_{iшкі}$  – оқшауланатын объекті қабырғасының ішкі бетіндегі жылу берілісіне кедергі, м<sup>2</sup>·°С/Вт;

$R_c$  – дәл сол, жылу оқшаулаудың сыртқы бетінде, м<sup>2</sup>·°С/Вт;

$R_{қаб.}$  – оқшауланатын объект қабырғасының термиялық кедергісі, м<sup>2</sup>·°С/Вт;

$R_{оқи.}$  – дәл сол, оқшаулаудың жайпақ қабатында, м<sup>2</sup>·°С/Вт;

$\sum_{i=1}^n R_i$  –  $n$  қабатты жайпақ оқшаулаудың толық термиялық кедергісі;

$R_i$  –  $i$ -ші қабаттың термиялық кедергісі, м<sup>2</sup>·°С/Вт;

$q_L$  – цилиндрлік жылу оқшаулау конструкциясы арқылы берілетін жылу ағынының сызықты тығыздығы, Вт/м;

$R_{iшкі}^L$  – оқшауланатын объектінің ішкі қабырғасының жылу берілісіне сызықты термиялық кедергісі, м·°С/Вт;

$R_c^L$  – дәл сол, сыртқы оқшаулауда, м·°С/Вт;

$R_{қаб.}^L$

– оқшауланатын объектінің цилиндрлік қабырғасының сызықты термиялық кедергісі, м·°С/Вт;

$R_{оқи.}^L$  – дәл сол, оқшаулаудың цилиндрлік қабатында, м·°С/Вт;

$\sum_{i=1}^n R_i^L$  –  $n$  қабатты цилиндрлік оқшаулаудың толық сызықты термиялық кедергісі;

$R_i^L$  –  $i$ -ші қабаттың сызықты термиялық кедергісі, м·°С/Вт.

(1) – (4) теңдеулерде қабырғалардың жылу берілісіне кедергілері мен термиялық кедергілері мына формулалар бойынша анықталады:

$$R_{вн} = \frac{1}{\alpha_{вн}}; R_n = \frac{1}{\alpha_n}; R_{из} = \frac{\delta_{из}}{\alpha_{из}}; R_{қаб.} = \frac{\delta_{қаб.}}{\alpha_{қаб.}}; R_i = \frac{\delta_i}{\alpha_i}; \quad (5)$$

$$R_{iшкі}^L = \frac{1}{\pi d_{iшкі}^{қаб.} \alpha_{iшкі}}; R_c^L = \frac{1}{\pi d_c^{оқи.} \alpha_c}; R_{оқи.}^L = \frac{1}{2\pi \lambda_{оқи.}} \cdot \ln \frac{d_c^{оқи.}}{d_c^{қаб.}}; \quad (6)$$

$$R_{қаб.}^L = \frac{1}{2\pi \lambda_{қаб.}} \cdot \ln \frac{d_c^{қаб.}}{d_{iшкі}^{қаб.}}; R_i^L = \frac{1}{2\pi \lambda_i} \cdot \ln \frac{d_c^i}{d_{iшкі}^i}; \quad (7)$$

мұнда  $\alpha_{iшкі}$ ,  $\alpha_c$  – оқшауланатын объект қабырғасының ішкі бетінің және оқшаулаудың сыртқы бетінің жылу беру коэффициенттері, Вт/(М<sup>2</sup>·°С);

$\lambda_{қаб.}$ ,  $\lambda_{оқи.}$ ,  $\lambda_i$  – тиісінше оқшауланатын объект қабырғасы материалының, бір қабатты

оқшаулаудың,  $n$  қабатты оқшаулаудың  $i$ -ші қабаты оқшаулауының жылу өткізгіштік коэффициенттері, Вт/(М·°С);

$\delta_{қаб.}$ ,  $\delta_{окш.}$ ,  $\delta_i$  – тиісінше оқшауланатын объект қабырғасының, бір қабатты оқшаулаудың,  $n$  қабатты оқшаулаудың  $i$ -ші қабатының қалыңдығы, м;

$d_{ішкі}^{қаб.}$ ,  $d_c^{қаб.}$  – оқшауланатын объект қабырғасының ішкі және сыртқы диаметрлері, м;

$d_c^{оқш.}$  – оқшаулаудың сыртқы диаметрі, м;

$d_c^i$ ,  $d_{ішкі}^i$  –  $n$  қабатты оқшаулаудың  $i$ -ші қабатының сыртқы және ішкі диаметрлері, м.

Көп қабатты оқшаулаудағы температуралардың бөлінуі мына формулалар бойынша есептеледі:

- жайпақ пішінді оқшауланатын объект қабырғасының ішкі және сыртқы беттеріндегі температуралар:

$$t_{ішкі}^{қаб.} = t_{ішкі} - q_F R_{ішкі}; \quad t_c^{қаб.} = t_{ішкі}^{қаб.} - q_F R_{қаб.}; \quad (8)$$

- 1-ші және 2-ші қабаттар шекарасындағы, оқшаулаудың бірінші қабатының сыртқы бетіндегі  $t_1^c$  температурасы

$$t_1^c = t_c^{қаб.} - q_F R_1; \quad (9)$$

- және ары қарай, 2-ші қабаттан бастап,  $(i-1)$ -ші және  $i$ -ші қабаттар шекараларында

$$t_i^c = t_{(i-1)}^c - q_F R_i; \quad (10)$$

-  $n$  қабатты қабырғаның  $i$ -ші қабатының сыртқы бетіндегі температура:

$$t_i^c = t_c + q_F R_c; \quad (11)$$

Цилиндрлік көп қабатты оқшаулау конструкцияларында температуралардың бөлінуі мына формулалар бойынша есептеледі:

$$t_{ішкі}^{қаб.} = t_{ішкі} - q_L R_{ішкі}^L; \quad t_c^{қаб.} = t_{ішкі}^{қаб.} - q_L R_{қаб.}^L; \quad (12)$$

$$t_1^c = t_c^{қаб.} - q_L R_1^L; \quad (13)$$

$$t_i^c = t_{(i-1)}^{қаб.} - q_L R_i^L; \quad (14)$$

$$t_i^c = t_c - q_L R_c^L; \quad (15)$$

(8) – (15) формулаларға енетін жылу ағындарының беттік және сызықты тығыздықтарының мәндері (1) – (4) бойынша, ал термиялық кедергілер (5) – (7) бойынша анықталады.

(2), (4) формулалар бойынша көп қабатты конструкцияларды есептеу кезінде оқшаулау қабаттарының жылу өткізгіштік коэффициенттерін білу қажет. Олар температураға байланысты болатындықтан, әрбір қабаттың орташа температуралары белгілі болулары тиіс, оларды анықтау үшін қабаттардың шекараларындағы температураларды білу қажет. Оларды есептеу үшін бірнеше есеп операциясын өткізуді

көздейтін бірізді жуықтату әдісі пайдаланылады.

Бірінші кезеңде барлық қабаттар үшін оқшаулаудың орташа температурасы ішкі және сыртқы орта температураларының жарты қосындысына тең болып қабылданады, бұл температурада барлық жылу оқшаулау қабаттарының жылу өткізгіштігі анықталады. Содан соң (2), (4) бойынша  $q_F$  немесе  $q_L$  мәндерін анықтайды және (8) – (11) формулалар бойынша жайпақ қабырғалар үшін, (12) – (15) формулалар бойынша цилиндрлік қабырғалар үшін қабаттар шекараларындағы температуралар мен әрбір қабаттың орташа температурасын есептейді.

Екінші кезеңде қабаттардың бірінші кезеңде табылған орташа температуралары бойынша тағы да барлық қабаттардың жылу өткізгіштігін анықтайды, содан соң жылу ағындарының тығыздықтарын табады және қайтадан әр қабаттың температураларын есептейді, осылайша, есептің талап етілетін дәлдігіне қол жеткізілгенге дейін жалғастыра береді. Мысалы,  $k$ -шы және  $(k-1)$ -ші қадамдағы қабаттардың температуралары бір-бірінен 5%-дан аспайтын шамада өзгешеленетін кезге дейін. Практикалық есептерде осы мақсатта 3-4-тен аспайтын есеп операциясын жүргізу қажет.

Жер астында орналасқан объектілердің жылу оқшаулауын есептегенде, олардың айналасындағы топырақ массивімен жылулық әрекеттесуі есепке алынады.

$R_c^L$  Топырақпен шектесетін жылу оқшаулау конструкциялары арқылы берілетін жылу ағынының тығыздығы бұл жағдайда сыртқы жылу берілісіне термиялық кедергілер  $R_c$  және топырақтың термиялық кедергісімен алмастырылатын (1) – (4) формулалар бойынша анықталады.

Жалпы алғанда, топырақтың термиялық кедергісі оқшауланатын объектінің сыртқы пішініне және оның топырақ массивінде орналасуына, оның температурасы мен жылу өткізгіштігіне байланысты болады, бұл жылу оқшаулау қабатында температуралар мен жылу ағындарының бөлінуіне ықпал етеді.

Инженерлік есептерде жылу оқшаулау қабатындағы температуралық өрістің бір өлшемділігі туралы жорамал қабылданады, бұл практика үшін жеткілікті дәлдікпен жер асты объектілерінің жайпақ және цилиндрлік жылу оқшаулау конструкцияларының термиялық кедергісін есептеуде (5) – (7) формулаларын пайдалануға мүмкіндік береді.

## **5.2 Құбырлар мен жабдықтың жылу оқшаулануын есептеу**

Жылу оқшаулауды практикалық есептеулерде жеңілдетілген есептік формулаларды пайдалануға мүмкіндік беретін бірқатар жорамалдар қабылданады.

Сұйық және газ тәрізді орталар үшін ішкі ортадан оқшауланатын объект қабырғасының ішкі бетіне жылу берілуіне жасалатын кедергі, жылу оқшаулау қабатының термиялық кедергісімен салыстырғанда, тым елеусіз болып табылады және практикалық есептерде оны есепке алмауға болады.

Металдан жасалған оқшауланатын жабдық пен құбырлар қабырғаларының жылу өткізгіштігі оқшаулаудың жылу өткізгіштігінен ондаған есеге артық болады, сондықтан қабырғаның термиялық кедергісін де ескермеуге болады, бұл есептің дәлдігін аса төмендетпейді.

5-кесте – Құбырлар үшін қосымша жоғалтулар коэффициентінің мәндері

Оқшауланатын объект түрі	K коэффициенті
Ашық жердегі, адам өте алмайтын каналдардағы, туннельдердегі және үй-жайлардағы құбырлар:	
а) Шартты өткіні, мм төмендегідей болатын жылжымалы тіректердегі болат құбырлар:	
150-ге дейін	1,2
150 және одан жоғары	1,15
б) Аспалы тіректердегі болат құбырлар	1,05
в) Жылжымалы және аспалы тіректердегі металл емес құбырлар	1,7
Каналсыз төселетін құбырлар	1,15

6-кесте – α жылу бергіштік коэффициентінің мәндері, Вт/(м<sup>2</sup>·°С)

Оқшауланған объект	Жабық үй-жайда		Ашық жерде, жел жылдамдығында <sup>в)</sup> , м/с		
	Сәулелену коэффициенті төмен жабындар <sup>а)</sup>	Сәулелену коэффициенті жоғары жабындар <sup>б)</sup>	5	10	15
Горизонтал құбырлар	7	10	20	26	35
Вертикал құбырлар, жабдық, жайпақ қабырға	8	12	26	35	52

<sup>а)</sup> Оларға мырышпен қапталған болаттан, алюминий қорытпалардан жасалған табақтардан және оксидті пленкасы бар алюминийден жасалған жабындар жатады.

<sup>б)</sup> Оларға сылақ, асбестті-цементті жабындар, шыны пластиктер, әр түрлі бояулар (алюминий ұнтағы бар бояудан басқа) жатады.

<sup>в)</sup> Жел жылдамдығы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, 10 м/с жылдамдығына сәйкес мәндер қабылданады.

Аталған жорамалдарды есепке ала отырып, практикалық есептерде құбырлар мен жабдықтың оқшауланған қабырғалары арқылы берілетін жылу ағынын анықтау үшін мына формулалар қолданылады:

жайпақ беттер және диаметрі 2 м-ден асатын цилиндрлік беттер үшін

$$q_F = \frac{(t_h - t_c)K}{\sum_{i=1}^n R_i + R_c}; \tag{16}$$

диаметрі 2 м-ге дейінгі құбырлар үшін

$$q_L = \frac{(t_{iuki} - t_c)K}{\sum_{i=1}^n R_i^L + R_c^L}; \tag{17}$$

мұнда K – жылу оқшаулау конструкцияларында бекіту бөлшектері мен тіректердің болуына байланысты олардағы жылу өткізгіш қосындылар арқылы жылу жоғалтылуын есепке алатын қосымша жоғалтулар коэффициенті 5-кесте бойынша алынады.

(16), (17) формулаларындағы жылу оқшаулау қабаттарының термиялық кедергісі мен сыртқы жылу берілуіне жасалатын кедергі оқшаулаудың жылу өткізгіштігі  $A$  қосымшасына сәйкес, ал оқшаулау бетіндегі жылу бергіштік коэффициенті 6-кесте бойынша алынатын (5), (6) формулалар бойынша анықталады.

### 5.2.1 Жылу оқшаулау қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу

Жылу оқшаулау қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы –  $q_F^c, q_L^c$  бойынша есептеу бір қабатты конструкциялар үшін келесі формулалар бойынша орындалады.

Диаметрі 2 м және одан жоғары болатын жайпақ және цилиндрлік беттер үшін мына формула қолданылады:

$$\delta_{оқш.} = \lambda_{оқш.} \left[ \frac{K(t_{iшкі} - t_c)}{q_F^c} - R_c \right], \quad (18)$$

Диаметрі 2 м-ге дейінгі бір қабатты цилиндрлік беттер үшін мына формула қолданылады:

$$\ln B = 2\pi \cdot \lambda_{оқш.} \left[ \frac{K(t_{iшкі} - t_c)}{q_L^c} - R_c^L \right], \quad (19)$$

Құбырлардың тіректері арқылы қосымша жылу жоғалтулар коэффициенті  $K$  жылу оқшаулау қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеуде 1-ге тең болып қабылданады.

(19) формула бойынша есептегенде алдын ала  $\ln B$  шамасын анықтайды,

$$B = \frac{d_c^{қаб.} + 2\delta_{оқш.}}{d_c^{қаб.}} \cdot R_c^L \text{ мұндағы } \delta_{оқш.} \text{ жуықтатылған мәндері 7-кесте бойынша қабылданады.}$$

Содан соң  $B$  шамасын табады және мына формула бойынша оқшаулаудың талап етілетін қалыңдығын анықтайды:

$$\delta_{оқш.} = \frac{d_c^{қаб.} (B - 1)}{2}, \quad (20)$$

Екі қабатты жылу оқшаулау конструкциялары үшін қабаттар қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу келесі тәртіпте жүргізіледі.

Таңдалған жылу оқшаулау материалдарының бірінің ең жоғары қолданылу температурасы оқшауланатын объект қабырғасының температурасынан төмен болған жағдайда, екі қабатты жылу оқшаулау конструкцияларында бірінші қабат ретінде оқшауланатын бетке мүмкін болатын қолданылу температурасы одан жоғарырақ материал орнатылады.

7-кесте –  $R_c^L$  болжалды мәндері, м<sup>°C</sup>/Вт

Құбырдың шартты диаметрі, мм	Үй-жайлардың ішінде						Ашық жерде		
	Сәулелену коэффициенті төмен беттер үшін			Сәулелену коэффициенті жоғары беттер үшін					
	жылу тасымалдағыштың температурасы, °C болғанда								
	100	300	500	100	300	500	100	300	500
32	0,50	0,35	0,30	0,33	0,22	0,17	0,12	0,09	0,07
40	0,45	0,30	0,25	0,29	0,20	0,15	0,10	0,07	0,05
50	0,40	0,25	0,20	0,25	0,17	0,13	0,09	0,06	0,04
100	0,25	0,19	0,15	0,15	0,11	0,10	0,07	0,05	0,04
125	0,21	0,17	0,13	0,13	0,10	0,09	0,05	0,04	0,03
150	0,18	0,15	0,11	0,12	0,09	0,08	0,05	0,04	0,03
200	0,16	0,13	0,10	0,10	0,08	0,07	0,04	0,03	0,03
250	0,13	0,10	0,09	0,09	0,07	0,06	0,03	0,03	0,02
300	0,11	0,09	0,08	0,08	0,07	0,06	0,03	0,02	0,02
350	0,10	0,08	0,07	0,07	0,06	0,05	0,03	0,02	0,02
400	0,09	0,07	0,06	0,06	0,05	0,04	0,02	0,02	0,02
500	0,075	0,065	0,06	0,05	0,045	0,04	0,02	0,02	0,016
600	0,062	0,055	0,05	0,043	0,038	0,035	0,017	0,015	0,014
700	0,055	0,051	0,045	0,038	0,035	0,032	0,015	0,013	0,012
800	0,048	0,045	0,042	0,034	0,031	0,029	0,013	0,012	0,011
900	0,044	0,041	0,038	0,031	0,028	0,026	0,012	0,011	0,010
1000	0,040	0,037	0,034	0,028	0,026	0,024	0,011	0,010	0,009
2000	0,022	0,020	0,017	0,015	0,014	0,013	0,006	0,006	0,005

ЕСКЕРТПЕ 1 Диаметрлер мен температураның аралық мәндері үшін  $R_c^L$  шамасы интерполяциялау арқылы анықталады.

2 Жылу тасымалдағыштың температурасы 100°C-тан төмен болғанда, 100°C-қа сәйкес мәліметтер алынады.

Бірінші қабаттың қалыңдығы екі қабаттың арасындағы  $t_{1,2}$  температурасының негізгі оқшаулау материалының ең жоғары қолданылу температурасынан аспауы шартынан анықталады.

Жайпақ қабырға мен диаметрі 2 м және одан жоғары цилиндрлік объектілер үшін бірінші қабаттың қалыңдығын есептеуде мына формула қолданылады:

$$\delta_{оқш.1} = \lambda_{оқш.1} \left[ \frac{(t_{ішкі} - t_{1,2})}{q_F^c} \right], \tag{21}$$

Екінші қабат үшін (18) формула қолданылады, онда  $t_{ішкі}$  мәнінің орнына  $t_{1,2}$  ауыстырып қойылады.

Диаметрі 2 м-ге дейінгі цилиндрлік объектілерді есептеуде бір қабатты конструкцияға ұқсас мына теңдеу қолданылады:

$$\ln B_1 = 2\pi \cdot \lambda_{\text{оқш.1}} \left[ \frac{(t_{\text{ішкі}} - t_{1,2})}{q_L^c} \right], \quad (22)$$

онда  $\ln B_1$  шамасын анықтайды, содан соң  $B_1 = \frac{d_c^{\text{қаб.}} + 2\delta_{\text{оқш.1}}}{d_c^{\text{қаб.}}}$  теңдеуі арқылы  $B_1$  мен бірінші қабат қалыңдығын табады, м:

$$\delta_{\text{оқш.1}} = \frac{d_c^{\text{қаб.}} (B_1 - 1)}{2},$$

Екінші қабаттың қалыңдығы (19) формуланың көмегімен анықталады, онда  $t_{\text{ішкі}}$  мәнінің орнына  $t_{1,2}$  мәні ауыстырып қойылады, ал  $B-B_2$  орнына

$$B_2 = \frac{d_{\text{оқш.1}} + 2\delta_{\text{оқш.2}}}{d_{\text{оқш.1}}},$$

$\ln B_2$  анықтаған соң,  $B_2$ -ні, содан соң екінші қабат оқшаулауының қалыңдығын табады, м:

$$\delta_{\text{оқш.2}} = \frac{d_{\text{оқш.1}} (B_2 - 1)}{2}, \quad (23)$$

Жылу оқшаулаудың талап етілетін қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу бірізді жуықтатулар әдісімен орындала алады. Бір қабатты цилиндрлік конструкция үшін есептеу бірізділігі мынадай.

Есептің талап етілетін дәлдігімен анықталатын, мысалы, 1, 2, 3, 4, ...,  $i$  бірізді қадамдарының көмегімен  $\delta_1 = \delta_0 1$ ;  $\delta_2 = \delta_0 2$ ;  $\delta_3 = \delta_0 3$ , ...,  $\delta_i = \delta_0 i$  оқшаулау қалыңдығы үшін 0,001м болатын  $\delta_0$ , м оқшаулау қалыңдығының бастапқы мәнін негізге ала отырып, келесі теңдеу бойынша  $q_L^1$ ;  $q_L^2$ ; ...;  $q_L^i$  жылу ағындарының сызықты тығыздығын есептейді:

$$q_L^i = \frac{\pi(t_{\text{ішкі}} - t_{1,2})}{\frac{1}{\alpha_c (d_c^{\text{қаб.}} + 2\delta_0 i)} + \frac{1}{2\lambda_{\text{оқш.}} \cdot \ln \frac{d_c^{\text{қаб.}} + 2\delta_0 i}{d_c^{\text{қаб.}}}}, \quad (24)$$

$i$  есептеулерінің әрбір қадамында  $q_L^c$  нормативтік үлестік ағынының берілген мәнімен  $q_L^i$  салыстырылады.

$$q_L^i - q_L^c \leq 0 \quad (25)$$

шарты орындалған жағдайда, есептеулер аяқталады, ал  $\delta = \delta_0 i$  табылған шамасы жылу жоғалтулардың берілген шамасын қамтамасыз ететін ізделіп отырған шама болып табылады.

Нормаланатын жылу жоғалтулар бойынша оқшаулау қалыңдығын анықтау кезінде қоршаған ортаның жылу оқшаулау конструкциясымен жылулық әрекеттесуіне себепші болатын есептік параметрлер ретінде мыналарды қабылдау қажет:

- оқшауланатын объектідегі заттың бір жыл ішіндегі орташа температурасы ретінде  $t_{iшкі}$  ішкі орта температурасын;

- оқшауланатын объект үй-жайда орналасқан, ашық жерде орналасқан жағдайда, жел жылдамдығы 10 м/с болғанда (6-кесте бойынша) немесе ҚНЖЕ 41-03 6.1.1-6.1.6 тармақтары бойынша жылу оқшаулаудың сыртқы бетінен жылу берілу коэффициенті.

### 5.2.2 Оқшаулаудың қалыңдығын құбырлармен тасымалданатын зат температурасы төмендеуінің (жоғарылауының) берілген шамасы бойынша есептеу

Жылу сыйымдылығы  $C$ , кДж/(кг·°C) заттың шығыны  $G$ , кг/сағ. кезінде құбырмен тасымалданатын зат температурасының бастапқы  $t'_{iшкі}$ -ден соңғы  $t''_{iшкі}$ -ге дейін берілген төмендеуін қамтамасыз ету үшін ұзындығы  $l$ , м болатын құбыр оқшаулауының талап етілетін толық термиялық кедергісі  $R^L = R^L_{оқш.} + R^L_c$  мына формулалардан анықталады:

$$\frac{t'_{iшкі} - t_c}{t''_{iшкі} - t_c} \geq 2 \quad \text{болғанда,} \quad R_1^L = \frac{3,6 Kl}{GC \ln \frac{t'_{iшкі} - t_c}{t''_{iшкі} - t_c}}; \quad (26)$$

$$\frac{t'_{iшкі} - t_c}{t''_{iшкі} - t_c} \leq 2 \quad \text{болғанда,} \quad R_2^L = \frac{3,6 Kl \left( \frac{t'_{iшкі} + t''_{iшкі}}{2} - t_c \right)}{GC(t'_{iшкі} - t''_{iшкі})}; \quad (27)$$

мұнда  $t_c$  – қоршаған ортаның есепті температурасы, °C.

$R_1^L$  және  $R_2^L$  табылған мәндері бойынша  $\delta_{оқш.}$ , м талап етілетін оқшаулау қалыңдығын анықтау үшін мына формула пайдаланылады:

$$\ln B_{1,2} = 2\pi \cdot \lambda_{оқш.} (R_{1,2}^L - R_c^L) \quad (28)$$

7-кесте бойынша  $R_c$  жуықтатылған мәндерін ала және (28) формула бойынша  $\ln B$  анықтай отырып,  $B$  шамасын және содан соң (20) формула бойынша оқшаулау қалыңдығын табады:

$$\delta_{оқш.1,2} = \frac{d_c^{қаб.} (B_{1,2} - 1)}{2},$$

Тасымалданатын зат температурасының төмендеуінің (жоғарылауының) берілген шамасы бойынша оқшаулауды есептеген кезде, қоршаған орта параметрлерінің келесі мәндері қабылданады.

Құбыр үй-жайда орналасқан жағдайда:

- сыртқы орта температурасы 20°C;

- жылу бергіштік коэффициенті (6-кесте бойынша).

Ашық жерде орналасқан жағдайда – ең суық бескүндіктің орташа температурасы (ҚНжЕ 41-03 6.4-тармағы).

### 5.2.3 Жылу оқшаулау қалыңдығын сыртқы бетінің берілген температурасы бойынша есептеу

Оқшаулау қалыңдығын оның сыртқы бетінің  $t_{\delta}$  берілген температурасы бойынша анықтау оқшаулау қызмет көрсететін құрамды күйіп қалудан қорғайтын құрал ретінде қажет болған жағдайда жүргізіледі. Бұл ретте беттік температура келесі шамалардан, °С аспайтындай болып қабылдануы тиіс.

- үй-жайлардың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағында орналасқан және ішінде:

- температурасы 100°С-тан жоғары .....45

- температурасы 100°С және одан төмен.....35

- бу шарпуының температурасы 45°С-тан аспайтын .....35

заттар болатын оқшауланатын объектілер үшін;

- ашық жерде, қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағында орналасқан, металл жамылғы қабаты .....55

- жамылғы қабатының басқа түрлері.....60 бар оқшауланатын объектілер үшін.

Қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағы шектерінен тыс орналасқан құбырлардың жылу оқшаулауының беттік температурасы жамылғы қабаты материалдарын қолданудың температуралық шектерінен аспауы, бірақ 75 °С-тан жоғары болмауы тиіс. Жылу ағындарының:  $\delta_{оқш.}$ , м оқшаулау қабаты арқылы өтетін кондуктивті жылу ағынының  $t_{ішкі}-t_{\delta}$  температуралар айырмашылығы есебінен және сыртқы беттен шығарылатын конвективті жылу ағынының  $t_{\delta}-t_c$  айырмашылығы есебінен тығыздықтарының тең болуы шартынан былай деп жазуға болады:

$$R_{окш.} = \frac{t_{ішкі} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} R_c \quad (29)$$

$$R_{окш.}^L = \frac{t_{ішкі} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} R_c^L \quad (30)$$

Талап етілетін беттік температураны негізге ала отырып, (29), (30) формулалардан оқшаулау қалыңдығын есептеуге арналған формулаларды аламыз:

- жайпақ жылу оқшаулау конструкциялары үшін

$$\delta_{оқш.} = \frac{\lambda_{оқш.}(t_{ішкі} - t_{\delta})}{\alpha_c(t_{\delta} - t_c)}; \quad (31)$$

- цилиндрлік жылу оқшаулау конструкциялары үшін

$$\ln B = \ln \frac{d_c^{қаб.} + 2\delta_{оқш.}}{d_c^{қаб.}} = 2\pi \cdot \lambda_{оқш.} \cdot R_c^L \cdot \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c}; \quad (32)$$

мұнда  $R_c^L$  болжалды мәні 7-кесте бойынша қабылданады.

$$\delta_{оқш.} = \frac{d_c^{қаб.} \cdot (B - 1)}{2}$$

Қарастырылған әдіс жуықтатылған болып табылады. Нақтырақ нәтижелерді бірізді жуықтатулар әдісімен алуға болады.

Есеп мына формула бойынша орындалады:

$$\left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_i = \frac{\ln \frac{d_c^{қаб.} + 2\delta_0 i}{d_c^{қаб.}} \alpha_c (d_c^{қаб.} + 2\delta_0 i)}{2\lambda_{оқш.}}; \quad (33)$$

Есептің талап етілетін дәлдігімен анықталатын, мысалы, 1, 2, 3, ...  $i$  бірізді қадамдарымен  $\delta_1 = \delta_0 1$ ;  $\delta_2 = \delta_0 2$ ;  $\delta_3 = \delta_0 3$ , ...,  $\delta_i = \delta_0 i$  оқшаулау қалыңдықтары үшін 0,001м болатын  $\delta_0$ , м оқшаулау қалыңдығының бастапқы мәнін негізге ала отырып, (33) теңдеу бойынша шамаларды есептеу жүргізіледі:

$$\left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_1 ; \left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_2 ; \left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_3 ; \dots ; \left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_i$$

$$\left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_i \quad \text{мәні} \quad \left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_p$$

$i$  есептеулердің әрбір қадамында мәні берілген мәнімен салыстырылады.

$$\left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_i - \left( \frac{t_{iуки} - t_{\delta}}{t_{\delta} - t_c} \right)_p \geq 0, \quad (34)$$

шарты орындалған жағдайда, есептеулер аяқталады, ал  $\delta_i = \delta_0 i$  табылған шамасы оқшаулау бетінің талап етілетін температурасын қамтамасыз ететін, 1 мм-ге дейінгі дәлдікпен берілген шама болып табылады.

Берілген беттік температура бойынша оқшаулау қалыңдығын есептеу кезінде ҚНЖЕ 41-03 6.7-тармағы бойынша қоршаған ортаның келесі есептік параметрлері қабылданады:

-  $t_{iуки}$  ішкі орта температурасы – жобалауға берілетін техникалық тапсырма бойынша;

-  $t_c$  сыртқы орта температурасы – оқшауланатын объект ашық жерде орналасқан жағдайда, ең ыстық айдың ең жоғары орташа температурасы ретінде, үй-жайда орналасқан жағдайда – 20°C;

- үй-жайда және ашық жерде орналасқан, жамылғы қабатының ең аз сәулелену коэффициенті (6-кестеге берілген ескертпелерді қараңыз) – 6 Вт/(м<sup>2</sup>·°C), ең көп сәулелену коэффициенті 11 Вт/(м<sup>2</sup>·°C) болатын объекті оқшаулауының сыртқы бетіндегі жылу бергіштік коэффициенті.

**5.2.4 Беткі қабатында ауадағы ылғалдың суға айналуын болдырмайтын оқшаулау қалыңдығын есептеу**

Бұл есеп үй-жайларда орналасқан және ішіндегі заттарының температурасы қоршаған орта температурасынан төмен болатын оқшауланған объектілер үшін жасалады.

Бұл жағдайда оқшаулау сыртқы ауа мен оқшаулау беті температураларының (t<sub>c</sub> – t<sub>б</sub>) талап етілетін, ауадағы ылғалдың суға айналуын болдырмайтын есептік айырмасын қамтамасыз етуі тиіс (8-кесте бойынша).

Есеп мына формулалар бойынша орындалады:

- жайпақ бет үшін

$$R_{оқш.} = \frac{t_{б} - t_{ішкі}}{t_c - t_{б}} R_c ; \delta_{оқш.} = \frac{\lambda_{оқш.}(t_{б} - t_{ішкі})}{\alpha_c(t_c - t_{б})}; \tag{35}$$

- цилиндрлік бет үшін

$$R_{оқш.}^L = \frac{t_{б} - t_{ішкі}}{t_c - t_{б}} R_c^L; \ln B = 2\pi \cdot \lambda_{оқш.} \cdot R_c^L \cdot \frac{t_{б} - t_{ішкі}}{t_c - t_{б}}. \tag{36}$$

Жайпақ конструкциялар үшін оқшаулаудың талап етілетін қалыңдығы 5.2.3 бөлімінде мазмұндалған әдістеме бойынша анықталады.

**8-кесте – t<sub>c</sub> – t<sub>б</sub> есептік айырмасы, °C**

t <sub>c</sub> , °C	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, φ %					
	40	50	60	70	80	90
10	13,4	10,4	7,8	5,5	3,5	1,6
15	14,2	10,9	9,1	5,7	3,6	1,7
20	14,8	11,3	8,4	5,9	3,7	1,8
25	15,3	11,7	8,7	6,1	3,8	1,9
30	15,9	12,2	9,0	6,3	4,0	2,0

Есептерде t<sub>c</sub> сыртқы ауа температурасы үй-жайдағы ауа температурасына тең.

t<sub>ішкі</sub> ішкі орта температурасы мен φ үй-жайдағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығын жобалауға берілетін техникалық тапсырмаға сәйкес қабылдайды.

α<sub>c</sub> оқшаулаудың сыртқы бетіне жылу бергіштік коэффициенті сәулелену коэффициенті төмен беттер үшін – 5Вт/(м<sup>2</sup> °C), сәулелену коэффициенті жоғары беттер үшін 7 Вт/(м<sup>2</sup> °C) болып қабылданады (6-кестеге берілген ескертпені қараңыз).

### 5.3 Жылу желілері құбырларының жылу оқшаулануын есептеу

#### 5.3.1 Жер үстімен төсеу

Жылу желілерінің жер үстімен төселген беруші және кері ағынды құбырларының оқшауланған беті арқылы жылу жоғалтулар,  $\delta_{\text{оқш.}}$ , м оқшаулау қалыңдығы белгілі болған жағдайда, (17) формула бойынша, ал осы формулаға енетін термиялық кедергілер (6) формула бойынша анықталулары тиіс.  $t_{\text{ішкі}}$  және  $t_c$  ішкі және сыртқы орта температуралары ретінде жылу тасымалдағыш пен қоршаған ортаның есептік температуралары алынады, ал  $\alpha_c$  жылу бергіштік коэффициенті 6-кесте бойынша қабылданады.

Жылу желілері құбырларының оқшаулану қалыңдығын беруші және кері ағынды жылу өткізгіштерден шығатын жылу ағындары тығыздығының нормаланған мәндері бойынша анықтаған кезде 5.2.1 бөлімінде мазмұндалған есептеу әдістемесі пайдаланылады. Бұл ретте беруші және кері ағынды құбырлардағы жылу тасымалдағыштың есептік температуралары 9-кесте бойынша қабылданады.

**9-кесте – Сумен жылыту желілеріндегі жылу тасымалдағыштың орташа жылдық температуралары**

Құбыр	Есептік температуралық режимдер, °С		
	95 - 70	150 – 70	180 – 70
Беруші	65	90	110
Кері ағынды	50	50	50

Сыртқы ортаның есепті температурасын: жылу желісі жыл бойы жұмыс істеген жағдайда – сыртқы ауаның орташа жылдық температурасы, тек жылыту маусымында жұмыс істеген жағдайда – жылыту маусымының орташа температурасы ретінде қабылдайды  $\alpha_c$  есепті жылу бергіштік коэффициентін 6-кесте бойынша алады.

#### 5.3.2 Адам өте алмайтын каналдарда жер астымен төсеу

Жер бетінен канал осіне дейін  $H$ , м тереңдікте ені  $b$  және биіктігі  $h$ , м адам өте алмайтын каналда төселетін қос құбырлы жылу желілерінің оқшауланған беті арқылы жылу жоғалтулар мына формула бойынша анықталады:

$$q_{1,2}^L = q_1^L + q_2^L = \frac{(t_{\text{кан}} - t_c) K}{R_{\text{кан}} + R_m^k}; \quad (37)$$

$t_{\text{кан}}$  каналдағы ауа температурасы мына формула бойынша анықталады:

$$t_{\text{кан}} = \frac{\frac{t_{\theta 1}}{R_{\text{оқш.1}}^L + R_{\text{н1}}^L} + \frac{t_{\theta 2}}{R_{\text{оқш.2}}^L + R_{\text{н2}}^L} + \frac{t_c}{R_{\text{кан}} + R_m^k}}{\frac{1}{R_{\text{оқш.1}}^L + R_{\text{н1}}^L} + \frac{1}{R_{\text{оқш.2}}^L + R_{\text{н2}}^L} + \frac{1}{R_{\text{кан}} + R_m^k}}, \quad (38)$$

мұндағы

$$R_{оқш.1}^L = \frac{1}{2\pi\lambda_{оқш.}} \cdot \ln \frac{d_1 + 2\delta_{оқш.1}}{d_1}; \quad R_{оқш.2}^L = \frac{1}{2\pi\lambda_{оқш.}} \cdot \ln \frac{d_2 + 2\delta_{оқш.2}}{d_2}; \quad (39)$$

$$R_{н1}^L = \frac{1}{2\pi\alpha_k(d_1 + 2\delta_{оқш.1})}; \quad R_{н2}^L = \frac{1}{2\pi\alpha_k(d_2 + 2\delta_{оқш.2})}; \quad (40)$$

$$R_{кан} = \frac{1}{\pi\alpha_k \cdot \frac{2bh}{b+h}}; \quad (41)$$

$q_1^L, q_2^L$  – беруші және кері ағынды құбырлардан шығатын жылу ағынының сызықты тығыздықтары, Вт/м;

$d_1, d_2$  – беруші және кері ағынды құбырлардың сыртқы диаметрлері, м;

$t_{в1}, t_{в2}$  – беруші және кері ағынды құбырлардың температуралары, °С;

$K$  – қосымша жоғалтулар коэффициенті (5-кесте бойынша);

$R_{оқш.1}^L, R_{оқш.2}^L$  – беруші және кері ағынды құбырлар оқшаулауының термиялық кедергілері, м·°С/Вт;

$R_{н1}^L, R_{н2}^L$  – беруші және кері ағынды құбырлар оқшаулауының бетінен жылу берілісіне жасалатын термиялық кедергілер, м·°С/Вт;

$R_{кан}$  – ауадан каналдың бетіне жылу берілуіне жасалатын термиялық кедергі, м·°С/Вт;

$h, b$  – тиісінше каналдың биіктігі мен ені, м;

$\alpha_k$  – каналдағы жылу бергіштік коэффициенті 11 Вт/(м<sup>2</sup>·°С) тең болып қабылданады;

$\lambda_{оқш.}$  – конструкциядағы оқшаулаудың жылу өткізгіштігі, Вт/(м·°С);

$\delta_{оқш.1}, \delta_{оқш.2}$  – беруші және кері ағынды құбырлар оқшаулауының қалыңдықтары, м;

$R_m^k$  – топырақтың термиялық кедергісі, Вт/(м·°С) мына формула бойынша анықталады:

$$R_m^k = \frac{\ln \left[ 3,5 \frac{H}{h} \left( \frac{h}{b} \right)^{0,25} \right]}{\left( 5,7 + 0,5 \frac{b}{h} \right) \lambda_m}; \quad (42)$$

$\lambda_m$  – топырақтың жылу өткізгіштігі, Вт/(м·°С) (10-кесте бойынша);

$H$  – орналасу тереңдігі, құбырлар осінен жер бетіне дейінгі арақашықтық, м.

Жылу оқшаулаудың талап етілетін қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу техникалық талаптарға қарай екі нұсқада орындала алады:

а) Беруші және кері ағынды құбырлар үшін жеке-жеке берілген  $\bar{q}_1^L$  және  $\bar{q}_2^L$  жылу

ағынының нормативтік сызықты тығыздықтары бойынша, бұл жағдайда әрбір құбыр үшін оқшаулау қалыңдығы анықталады.

б) Беруші және кері ағынды құбырлардан шығатын жылу ағынының  $\bar{q}_{1,2}^L$  жиынтық нормативтік сызықты тығыздығы бойынша, бұл жағдайда екі құбыр үшін бірдей оқшаулау қалыңдығы анықталады.

**10-кесте – Топырақтың жылу өткізгіштігі**

Топырақ түрі	Орташа тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	Топырақтың салмақтық ылғал мөлшері, %	Жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·°С)	
Құм	1480	4	0,86	
		5	1,11	
	1600	15	1,92	
		23,8	1,92	
Саздақ	1100	8	0,71	
		15	0,9	
	1200	8	0,83	
		15	1,04	
	1300	8	0,98	
		15	1,2	
	1400	8	1,12	
		15	1,36	
		20	1,63	
	1500	8	1,27	
		15	1,56	
		20	1,86	
	1600	8	1,45	
		15	1,78	
		20	1,75	
	2000	5	10	2,56
			11,5	2,68
			8	0,72
1300		18	1,08	
		40	1,66	
		8	1,0	
1500	18	1,46		
	40	2,0		
	8	1,13		
1600	27	1,93		

Беруші және кері ағынды құбырлар үшін жеке-жеке берілген  $\bar{q}_1^L$  және  $\bar{q}_2^L$  жылу ағынының нормативтік сызықты тығыздықтары бойынша оқшаулау қалыңдығын есептеу келесі бірізділікте орындалады.

Бірінші кезеңде мына формула бойынша каналдағы температураны есептеп шығарады

$$t_{кан} = t_c + K (\bar{q}_1^L + \bar{q}_2^L) \cdot (R_{кан} + R_m), \quad (43)$$

Содан соң әрбір құбыр үшін мына формулалар бойынша  $\ln B_1$  және  $\ln B_2$  мәндері есептеп шығарылады:

$$\ln B_1 = 2\pi\lambda_{оқш.} \cdot \left( \frac{t_{\epsilon 1} - t_{кан}}{\bar{q}_1^L} - R_{н1}^L \right); \quad (44)$$

$$\ln B_2 = 2\pi\lambda_{оқш.} \cdot \left( \frac{t_{\epsilon 2} - t_{кан}}{\bar{q}_2^L} - R_{н2}^L \right); \quad (45)$$

мұнда  $R_{н1}^L$  және  $R_{н2}^L$  жуықтатылған мәндері 7-кесте бойынша қабылданады.

Ары қарай,  $B_1$  және  $B_2$  есептеп шығарылғаннан кейін, (20) формула бойынша беруші және кері ағынды құбырлар үшін талап етілетін, нормативтік сызықты жылу жоғалтуларды қамтамасыз ететін оқшаулау қалыңдықтарын есептеп шығарады:

$$\delta_{оқш.1} = \frac{d_1(B_1 - 1)}{2}; \quad \delta_{оқш.2} = \frac{d_2(B_2 - 1)}{2}.$$

Жылу желілерінің қос құбырлы каналдық төсемдерінің оқшаулауын есептеген кезде ішкі орта температуралары ретінде беруші және кері ағынды құбырлардағы жылу тасымалдағыштың орташа жылдық температуралары қабылданады (9-кесте бойынша).

Сыртқы ортаның есептік температурасы ретінде құбырдың орналасу тереңдігіндегі топырақтың бір жыл ішіндегі орташа температурасы алынады. Топырақ бетінен канал жабынына дейінгі арақашықтық 0,7 м және одан аз болған жағдайда, сыртқы ортаның есептік температурасы ретінде сыртқы ауаның жер үстімен төсеу кезінде алынған дәл сол температурасы алынуы тиіс.

Оқшаулау қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу кезіндегі  $K$  қосымша жылу жоғалтулар коэффициенті 1-ге тең болып қабылданады.

### 5.3.3 Жер астымен каналсыз төсеу

Жер бетінен құбырлардың осіне дейін  $H$ ,  $m$  бірдей қашықтықта топырақта орналасқан каналсыз төселген қос құбырлы жылу желілері құбырларының жылу жоғалтулары мына формулалар бойынша анықталады:

$$q_1^L = \frac{(t_{\epsilon 1} - t_c)(R_{оқш.2}^L + R_{m2}^{\kappa}) - (t_{\epsilon 2} - t_c) \cdot R_0}{(R_{оқш.1}^L + R_{m1}^{\kappa})(R_{оқш.2}^L + R_{m2}^{\kappa}) - R_0^2} K; \quad (46)$$

$$q_2^L = \frac{(t_{\epsilon 2} - t_c)(R_{оқш.1}^L + R_{m1}^{\kappa}) - (t_{\epsilon 1} - t_c) \cdot R_0}{(R_{оқш.2}^L + R_{m2}^{\kappa})(R_{оқш.1}^L + R_{m1}^{\kappa}) - R_0^2} K; \quad (47)$$

$$q_{1,2}^L = q_1^L + q_2^L, \quad (48)$$

мұнда  $R_m^k$  – каналсыз төсеу кезіндегі топырақтың термиялық кедергісі, м·°C/Вт, мына формула бойынша анықталады:

$$R_m^k = \frac{1}{2\pi\lambda_m} \ln \left[ \frac{2H}{d} + \sqrt{\left(\frac{2H}{d}\right)^2 - 1} \right], \quad (49)$$

мұнда  $d$  – оқшауланған құбырдың сыртқы диаметрі, м; беруші құбырда –  $d_1$ , кері ағынды құбырда –  $d_2$ ;

$\lambda_m$  – топырақтың жылу өткізгіштігі, Вт/(м·°C);

$H$  – орналасу тереңдігі – құбырлар осінен жер бетіне дейінгі арақашықтық, м;

$R_0$  – екі құбырдың жылулық әрекеттесуіне байланысты термиялық кедергі, м·°C/Вт мына формуладан анықталады:

$$R_0 = \frac{\ln \sqrt{1 + \left(\frac{2H}{K_{1,2}}\right)^2}}{2\pi \cdot \lambda_m}, \quad (50)$$

мұнда  $K_{1,2}$  – горизонталь орналасқан құбырлардың осьтері арасындағы арақашықтық, м.

(46), (47) формулаларындағы қалған шамалардың мәндері дәл каналдық төсеуге арналған (39) формуладағыдай.

Дәл қос құбырлы жылу желілерін өтпелі каналдарда төсеу кезіндегідей, жылу оқшаулаудың талап етілетін қалыңдығын жылу ағынының нормаланған тығыздығы бойынша есептеу техникалық талаптарға қарай екі нұсқада орындала алады:

а) Беруші және кері ағынды құбырлар үшін жеке-жеке берілген  $\bar{q}_1^L$  және  $\bar{q}_2^L$  жылу ағынының сызықты тығыздықтарының нормативтік мәндері бойынша.

б) Беруші және кері ағынды құбырлардан шығатын жылу ағынының  $\bar{q}_{1,2}^L$  жиынтық нормативтік сызықты тығыздығы бойынша.

Каналсыз төселген жылу желілері құбырларын оқшаулаудың қалыңдығын беруші және кері ағынды құбырлар үшін жеке-жеке берілген  $\bar{q}_1^L$  және  $\bar{q}_2^L$  жылу ағынының сызықты тығыздықтарының нормативтік мәндері бойынша есептеу мына формулалар бойынша орындалады:

$$\ln \frac{d_1 + 2\delta_{\text{оқш.1}}}{d_1} = \frac{2\pi\lambda_{\text{оқш.1}}\lambda_m}{\lambda_m - \lambda_{\text{оқш.1}}} \left( \frac{t_{\text{в1}} - t_c - \bar{q}_2^L R_0}{\bar{q}_1^L} - R_{m1}^\delta \right); \quad (51)$$

$$\ln \frac{d_1 + 2\delta_{\text{оқш.2}}}{d_2} = \frac{2\pi\lambda_{\text{оқш.2}}\lambda_m}{\lambda_m - \lambda_{\text{оқш.2}}} \left( \frac{t_{\text{в2}} - t_c - \bar{q}_1^L R_0}{\bar{q}_2^L} - R_{m2}^\delta \right). \quad (52)$$

(51), (52) формулаларының көмегімен  $B_1 = \frac{d_1 + 2\delta_{окш.1}}{d_1}$  және  $B_2 = \frac{d_2 + 2\delta_{окш.2}}{d_2}$  мәндерін анықтап алып, 5.3.2 бөлімінде каналдық төсеу үшін жасағандай, оқшаулау қалыңдығын есептеп шығарады.

Каналсыз төселген қос құбырлы жылу желілерінің беруші және кері ағынды құбырларын оқшаулаудың қалыңдығын жылу ағынының  $\bar{q}_{1,2}^L$ , Вт/м жиынтық нормативтік сызықты тығыздығы бойынша есептеу бірізді жуықтатулар әдісімен (іріктеу әдісімен) орындалады.

Бірінші кезеңде беруші және кері ағынды құбыр үшін бірдей  $\delta_{окш.1} = \delta_{окш.2} = \delta_0$  оқшаулау қалыңдығының бастапқы мәні беріледі және (46) – (48) формулалар бойынша жылу ағынының  $q_{1,2}^L$  жиынтық сызықты тығыздығы есептеп шығарылады.

Алынған есептік мәнді ҚНЖЕ 41-03-нің 11,12-кестелері бойынша жылу ағынының  $\bar{q}_{1,2}^L$  нормативтік сызықты тығыздығымен салыстырады.

Екінші кезеңде салыстыру нәтижесіне қарай оқшаулау қалыңдығын арттырады немесе азайтады және есепті сол бірізділікте  $q_{1,2}^L$  жаңа есептік мәні алынғанға дейін қайталайды.

Есепті  $q_{1,2}^L$  жылу ағыны тығыздығының есептік мәні  $\bar{q}_{1,2}^L$  нормативтік мәнінен есептеу дәлдігінің берілген дәрежесіне, мысалы, 1%-дан аспайтын шамаға өзгешеленетін болғанға дейін қайталайды.  $\delta_i$  соңғы мәні беруші және кері ағынды құбырлар үшін жылу оқшаулаудың есепті қалыңдығы ретінде қабылданады.

Каналсыз төселетін қос құбырлы жылу желілері құбырларының оқшаулануын есептеуге арналған жылу тасымалдағыш пен сыртқы ортаның есептік параметрлері адам өте алмайтын каналдардағыдай қабылданады.

**А қосымшасы**  
(міндетті)

**А.1-кестесі – Жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарының есепті техникалық сипаттамалары**

Материал, бұйым	Конструкциядағы орташа тығыздық, кг/м <sup>3</sup>	Температурасы °С болатын беттер үшін конструкциядағы жылу оқшаулау материалының жылу өткізгіштігі $\lambda_{окш.}$ , Вт/(м·°С)		Қолдану температурасы, °С	Жанғыштық тобы
		20 және одан жоғары	19 және одан төмен		
Минерал мақталы сырмалы төсеніштер	90	0,041 + 0,00022 t <sub>m</sub>	0,041-0,032	Мата, тор, шыны талшықтан жасалған кенеп негізінде жасалған төсеніштер үшін минус 180-нен 450-ге дейін; металл тор негізінде жасалған төсеніштер үшін 700-ге дейін	Жанбайтын
	100	0,045 + 0,00021 t <sub>m</sub>	0,044-0,035		
	125	0,049 + 0,0002 t <sub>m</sub>	0,048-0,037		
Синтетикалық байланыстырғыш негізіндегі минералды мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш тақталар	65	0,04 + 0,00029 t <sub>m</sub>	0,039-0,03	Минус 60-тан 400-ге дейін Минус 180-нен 400-ге дейін	Жанбайтын
	95	0,043 + 0,00022 t <sub>m</sub>	0,042-0,031		
	120	0,044 + 0,00021 t <sub>m</sub>	0,043-0,032		
	180	0,052 + 0,0002 t <sub>m</sub>	0,051-0,038		
Минерал мақталы жартылай цилиндрлер мен цилиндрлер	50	0,04 + 0,00003 t <sub>m</sub>	0,039-0,029	Минус 180-нен 400-ге дейін	Жанбайтын
	80	0,044 + 0,00022 t <sub>m</sub>	0,043-0,032		
	100	0,049 + 0,00021 t <sub>m</sub>	0,048-0,036		
	150	0,05 + 0,0002 t <sub>m</sub>	0,049-0,035		
	200	0,053 + 0,00019 t <sub>m</sub>	0,052-0,038		
Байланыстырғышсыз өте жұқа базальт талшықтан жасалған төсеніштер мен мақта	80	0,032 + 0,00019 t <sub>m</sub>	0,031-0,24	Минус 180-нен 600-ге дейін	Жанбайтын
Минерал мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш бау	200	0,056 + 0,00019 t <sub>m</sub>	0,055-0,04	Минус 180-нен 600-ге дейін	ЖБ – Ж1
Асбест бау	100-160	0,093+0,00019 t <sub>m</sub>	-	20-дан 220-ға дейін	Ж1

**А.1-кестесі – Жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарының есепті техникалық сипаттамалары (жалғасы)**

Материал, бұйым	Конструкциядағы орташа тығыздық, кг/м <sup>3</sup>	Температурасы °С болатын беттер үшін конструкциядағы жылу оқшаулау материалының жылу өткізгіштігі $\lambda_{окш.}$ , Вт/(м·°С)		Қолдану температурасы, °С	Жанғыштық тобы
		20 және одан жоғары	19 және одан төмен		
Синтетикалық байланыстырғыш негізінде шыны штапель талшықтан жасалған төсеніштер	50 70	0,04 + 0,0003 t <sub>m</sub> 0,042 + 0,00028 t <sub>m</sub>	0,039-0,029 0,041-0,03	Минус 60-тан 180-ге дейін	Жанбайтын
Синтетикалық байланыстырғыш негізінде шыны штапель талшықтан жасалған сырмалы төсеніштер	50	0,04 + 0,0002 t <sub>m</sub>	0,037-0,03	Минус 60-тан 300-ге дейін	Жанбайтын
Байланыстырғышсыз өте жұқа шыны талшықтан жасалған төсеніштер мен мақта	70	0,033 + 0,00014 t <sub>m</sub>	0,032-0,024	Минус 180-нен 400-ге дейін	Жанбайтын
Көбікті шыныдан жасалған жылу оқшаулау бұйымдары	130	0,05 + 0,0002 t <sub>m</sub>	0,05- 0,038	Минус 150-ден 350-ге дейін	Жанбайтын
Арматураланған көбікті бетон	200-300	0,055 + 0,0002 t <sub>m</sub>	0,055	Минус 60-тан 300-ге дейін	Жанбайтын
Перлитті, қопсыған, ұсақ құм	110 150 225	0,052 + 0,00012 t <sub>m</sub> 0,055 + 0,00012 t <sub>m</sub> 0,058 + 0,00012 t <sub>m</sub>	0,051-0,038 0,054-0,04 0,057-0,042	Минус 180-нен 875-ке дейін	Жанбайтын
Көбікті полистиролдан жасалған жылу оқшаулау бұйымдары	30	0,033 + 0,00018 t <sub>m</sub>	0,032-0,024	Минус 180-нен 70-ке дейін	Ж3 – Ж4
	50	0,036 + 0,00018 t <sub>m</sub>	0,035-0,026		
	100	0,041 + 0,00018 t <sub>m</sub>	0,04-0,03		
Көбікті полиуретаннан жасалған жылу оқшаулау бұйымдары	40	0,030 + 0,00015 t <sub>m</sub>	0,029-0,024	Минус 180-нен 130-ға дейін	Ж2 – Ж4
	50	0,032 + 0,00015 t <sub>m</sub>	0,031-0,025		
	70	0,037 + 0,00015 t <sub>m</sub>	0,036-0,027		

**А.1-кестесі – Жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдарының есепті техникалық сипаттамалары (жалғасы)**

Материал, бұйым	Конструкциядағы орташа тығыздық, кг/м <sup>3</sup>	Температурасы °С болатын беттер үшін конструкциядағы жылу оқшаулау материалының жылу өткізгіштігі $\lambda_{окш.}$ , Вт/(м·°С)		Қолдану температурасы, °С	Жанғыштық тобы
		20 және одан жоғары	19 және одан төмен		
Көбікті полимер минерал	200-250	0,047 + 0,0002 $t_m$	0,047	Минус 60-тан 150-ге дейін	Ж1
Көбіктенген каучуктан жасалған жылу оқшаулау бұйымдары	60-80	0,034 + 0,0002 $t_m$	0,033	Минус 60-тан 125-ке дейін	Ж1 – Ж3
Көбікті полиэтиленнен жасалған жылу оқшаулау бұйымдары	50	0,035 + 0,00018 $t_m$	0,033	Минус 70-тен 70-ке дейін	Ж3 – Ж4
Инетесімді шыны жаймалар	160-190	0,038-0,057	0,053-0,047	Минус 200-ден 50-ге дейін қоса алғанда	Жанбайтын
Жылу мен дыбыс оқшаулағыш құбырлар	30	0,036 + 0,0001 $t_m$	0,0344	Минус 80-нен 100-ге дейін қоса алғанда	Орташа жанғыш Ж2
Алдын ала көбікті полиуретанмен қызу оқшауланған болат құбырлар	55-60	0,033		Минус 60-тан 150-ге дейін қоса алғанда	Ж2, Ж3, Ж4
Конденсатты бұру жүйесі бар жылу оқшаулау бұйымдары	30-60	0,030		Температураның 150-ге дейін қысқа мерзімді жоғарылауымен минус 60-тан 130-ға дейін қоса алғанда	Ж2, Ж3, Ж4
<p>ЕСКЕРТПЕ 1 Жылу оқшаулау қабатының орташа температурасы; °С:  <math>t_m = (t_{шкі}+40)/2</math> – жазғы уақытта ашық жерде, үй-жайда, каналдарда, туннельдерде, ғимараттардың техникалық еден асты қоймаларында, шатырларында және жертөлелерінде,  <math>t_m = t_{шкі}/2</math> – қысқы уақытта ашық жерде, мұндағы <math>t_{шкі}</math> – оқшауланатын жабдықтың (құбырдың) ішіндегі орта температурасы.                  2 Температурасы – 19 °С және одан төмен беттер үшін конструкциядағы жылу оқшаулау материалының есепті жылу өткізгіштігінің көбірек мәні оқшауланатын беттің минус 60-тан 19 °С-қа дейінгі температурасына, ал азырақ мәні минус 61 °С және одан төмен температурасына қатысты болады.</p>					

**Б қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Тығыздалатын материалдардан жасалған жылу оқшаулау бұйымдарының қалыңдығы мен көлемін анықтау**

**Б.1** Тығыздалатын материалдардан жасалған жылу оқшаулау бұйымының қалыңдығы оны оқшауланатын бетке орнатқанға дейін,  $K_c$  тығыздалу коэффициентін есепке ала отырып, келесі формулалар бойынша анықталуы тиіс (мәндер Б.1 кестесінде келтірілген):

- цилиндрлік бет үшін

$$\delta_1 = \delta K_c \frac{d + \delta}{d + 2\delta}; \quad (\text{Б.1})$$

- жайпақ бет үшін

$$\delta_2 = \delta K_c, \quad (\text{Б.2})$$

мұнда  $\delta_1, \delta_2$  – жылу оқшаулау бұйымының оқшауланатын бетке орнатқанға дейінгі (тығыздаусыз) қалыңдығы, м;

$\delta$  – конструкцияда тығыздалған жылу оқшаулау қабатының есепті қалыңдығы, м;

$d$  – оқшауланатын жабдықтың, құбырдың сыртқы диаметрі, м;

$K_c$  – осы қосымшаның Б.1 кестесі бойынша қабылданатын жылу оқшаулау бұйымдарының тығыздалу коэффициенті.

ЕСКЕРТПЕ (Б.1) формуласында  $K_c \frac{d + \delta}{d + 2\delta}$  көбейтіндісі бірден аз болған жағдайда, ол бірге тең болып қабылдануы тиіс.

**Б.2** Көп қабатты оқшаулау жағдайында бұйымның тығыздалғанға дейінгі қалыңдығы әр қабат үшін жеке анықталуы тиіс. Кейінгі жылу оқшаулау қабатының қалыңдығын анықтау кезінде сыртқы диаметр ( $d$ ) ретінде алдыңғы қабат оқшаулауының диаметрі қабылданады.

**Б.3** Жылу оқшаулау қабаты үшін тығыздалатын материалдардан жасалған жылу оқшаулау бұйымдарының көлемі тығыздалғанға дейін мына формула бойынша анықталуы тиіс:

$$V = V_i K_c, \quad (\text{Б.3})$$

мұнда  $V$  – жылу оқшаулау материалының немесе бұйымының тығыздалғанға дейінгі көлемі, м<sup>3</sup>;

$V_i$  – жылу оқшаулау материалының немесе бұйымының тығыздауды есепке алғандағы, конструкциядағы көлемі, м<sup>3</sup>.

Б.1-кестесі –  $K_c$  тығыздалу коэффициентінің мәндері

Жылу оқшаулау материалдары мен бұйымдары	$K_c$ тығыздалу коэффициенті
Минерал мақталы сырмалы төсеніштер	1,2
«ТЕХМАТ» жылу оқшаулау төсеніштері	1,35-1,2
Өте жұқа базальт талшықтан жасалған төсеніштер мен кенептер шартты өткіні төмендегідей, мм болатын құбырлар мен жабдыққа төсеу кезінде: орташа тығыздығы 23 кг/м <sup>3</sup> болғанда, $D_{ш} < 800$ орташа тығыздығы 50-60 кг/м <sup>3</sup> болғанда, дәл сондай орташа тығыздығы 23 кг/м <sup>3</sup> болғанда, $D_{ш} \geq 800$ орташа тығыздығы 50-60 кг/м <sup>3</sup> болғанда, дәл сондай	3,0 1,5* 2,0 1,5*
Синтетикалық байланыстырғыш негізінде шыны штапель талшықтан жасалған төмендегідей маркалы төсеніштер: М-45, 35, 25 М-15	1,6 2,6
«URSA» шыны штапель талшығынан жасалған, төмендегідей маркалы төсеніштер: М-11 М-15, М-17 М-25: құбырларға жабдыққа төсеу кезінде	3,6-4,0* 2,6 1,5-1,8** 1,4
Төмендегідей маркалы синтетикалық байланыстырғыш негізіндегі минерал мақталы тақталар: 35, 50 75 100 125	1,5 1,2 1,1 1,05
Шыны штапель талшықтан жасалған тақталар: П-30 П-15, П-17, и П-20	1,1 1,2
75,100,150 маркалы перлитті қопсыған ұсақ күм	1,5
<p>* М-11 маркалы «URSA» төсеніштерінің тығыздалу коэффициенті шартты өткіні 40 мм дейінгі құбырларға төсеу кезінде – 4,0, шартты өткіні 50 мм және одан астам құбырларға төсеу кезінде – 3,6.</p> <p>** М-25 маркалы «URSA» төсеніштерінің тығыздалу коэффициенті шартты өткіні 100 мм дейінгі құбырларға төсеу кезінде – 1,8, шартты өткіні 100 мм-ден астам және 250 мм-ге дейінгі құбырларға төсеу кезінде – 1,6, шартты өткіні 250 мм-ден астам құбырларға төсеу кезінде – 1,5.</p>	

**В қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Құбырлардың жылу оқшаулануын есептеу мысалы**

Каналда төселген қос құбырлы жылу желісі үшін, жылу ағынының нормаланған тығыздығын негізге ала отырып, жылу оқшаулаудың қалыңдығын анықтау.

**Бастапқы мәліметтер**

Жылу тасымалдағыштың орташа жылдық температурасы торт.1 =90°C, торт.2 =50°C. Каналдың биіктігі – 0,92м, ені – 0,92м, тереңдігі – 1,2 м. 10-кесте бойынша топырақтың жылу өткізгіштік коэффициенті – 2 Вт/(м °С), каналдағы жылу бергіштік коэффициенті – 11 Вт/(м °С) (В.1 кестесі бойынша).

**В.1-кестесі – α жылу бергіштік коэффициентінің мәндері, Вт/(м<sup>2</sup>·°С)**

Оқшауланған объект	Жабық үй-жайда		Ашық жерде, жел жылдамдығында <sup>в)</sup> , м/с		
	Сәулелену коэффициенті төмен жабындар <sup>а)</sup>	Сәулелену коэффициенті жоғары жабындар <sup>б)</sup>	5	10	15
Горизонтал құбырлар	7	10	20	26	35
Вертикал құбырлар, жабдық, жайпақ қабырға	8	12	26	35	52

<sup>а)</sup> Оларға мырышпен қапталған болаттан, алюминий қорытпалардан жасалған табақтардан және оксидті пленкасы бар алюминийден жасалған жабындар жатады.

<sup>б)</sup> Оларға сылақ, асбестті-цементті жабындар, шыны пластиктер, әр түрлі бояулар (алюминий ұнтағы бар бояудан басқа) жатады.

<sup>в)</sup> Жел жылдамдығы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, 10 м/с жылдамдығына сәйкес мәндер қабылданады.

Жылу өткізгіштердің диаметрлері  $d_c = 0,377$  м. Жылу желісінің бір жыл ішіндегі жұмыс сағаттарының саны – 5000 сағаттан астам. Жылу оқшаулау – көбікті полиуретаннан жасалған жылу оқшаулау бұйымдары.

$$R_m^k = \frac{\ln \left[ 3,5 \frac{H}{h} \left( \frac{h}{b} \right)^{0,25} \right]}{\left( 5,7 + 0,5 \frac{b}{h} \right) \lambda_m}; \tag{B.1}$$

$$R_{\tau}^k = \frac{\ln \left[ 3,5 \cdot \frac{1,2}{0,92} \cdot \left( \frac{0,92}{1,6} \right)^{0,25} \right]}{\left( 5,7 + 0,5 \cdot \frac{1,6}{0,92} \right) \cdot 2} = 0,105$$

$R_{\tau}^k$ , м<sup>°C</sup>/Вт каналдың бетіне ауаның жылу беруіне термиялық кедергіні мына формула бойынша анықтайды:

$$R_{кан} = \frac{1}{\pi \alpha_k \cdot \frac{2bh}{b+h}}; \tag{B.2}$$

$$R_{кан} = \frac{1}{3,14 \cdot 11 \cdot \frac{2 \cdot 1,6 \cdot 0,92}{1,6 + 0,92}} = 0,247$$

$R_c$ , м<sup>°C</sup>/Вт беруші құбырдың оқшаулау бетінің жылу беруіне термиялық кедергіні мына формула бойынша анықтайды:

$$R_{c1}^L = \frac{1}{2\pi \alpha_k (d_1 + 2\delta_{окш.1})} \tag{B.3}$$

$$R_i = \frac{1}{2 \cdot 3,14 \cdot 11 \cdot (0,377 + 0,1)} = 0,03$$

$t_{кан}$ , °C каналдағы ауа температурасын мына формула бойынша анықтайды:

$$t_{кан} = t_c + K(\bar{q}_1^L + \bar{q}_2^L) \cdot (R_{кан} + R_{\tau}) \tag{B.4}$$

$$t_{кан} = 5 + 1,15 \cdot (50 + 20) \cdot (0,247 + 0,03) = 15,45$$

$$\ln B_1 = 2\pi \lambda_{окш.} \cdot \left( \frac{t_{e1} - t_{кан}}{\bar{q}_1^L} - R_{н1}^L \right);$$

Формула бойынша анықталады:

$$\ln \frac{d_{н1}^{окш.}}{d_{н1}} = 2 \cdot 3,14 \cdot 0,035 \left( \frac{90 - 15,45}{50} - 0,03 \right) = 0,035$$

$$\frac{d_{н1}^{окш.}}{d_{н1}} = 1,388$$

Бұдан келіп шығатыны:  $B_1 = \frac{d_{н1}^{окш.}}{d_{н1}}$

Натурал логарифмдер кестесі бойынша  $B_1$  анықтай отырып,  $\delta_{окш.}$  жылу оқшаулаудың талап етілетін қалыңдығын мына формула бойынша есептеп шығарады:

$$\delta_{окш.1} = \frac{d_1 (B_1 - 1)}{2}, \tag{B.5}$$

$$\delta_{окш.} = \frac{0,377 \cdot (1,388 - 1)}{2} = 0,073$$

Кері ағынды желілік су құбыры оқшаулауының қалыңдығын тікелей желілік су құбырының қалыңдығына тең етіп қабылдайды.

**Г қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Г.1-кестесі – Жабдық пен құбырларға арналған жылу оқшаулау конструкцияларының шекті қалыңдықтары**

Сыртқы диаметрі, мм	Құбыр төсеу тәсілі					
	Жер үсті		Туннельде		Адам өте алмайтын каналда	
	Төмендегідей температурадағы, °С					
	жылу оқшаулау қабатының шекті қалыңдығы, мм					
	19 және одан төмен	20 және одан астам	19 және одан төмен	20 және одан астам	150-ге дейін қоса алғанда	151 және одан астам
18	80	80	80	80	50	60
25	120	120	100	100	60	80
32	140	140	120	100	80	100
45	140	140	120	100	80	100
57	150	150	140	120	90	120
76	160	160	160	140	90	140
89	180	170	180	160	100	140
108	180	180	180	160	100	160
133	200	200	180	160	100	160
159	220	220	200	160	120	180
219	230	230	200	180	120	200
273	240	230	220	180	120	200
325	240	240	240	200	120	200
377	260	240	260	200	120	200
426	280	250	280	220	140	220
476	300	250	300	220	140	220
530	320	260	320	220	140	220
630	320	280	320	240	140	220
720	320	280	320	240	140	220
820	320	300	320	240	140	220
920	320	300	320	260	140	220
1020 және одан астам	320	320	320	260	140	220

ЕСКЕРТПЕ 1 Каналдарда орналасқан құбырлар үшін оқшаулау қалыңдығы тасымалданатын заттардың оң температураларына арнап көрсетілген. Тасымалданатын заттары теріс температурадағы құбырлар үшін шекті қалыңдықтар туннельдерде төсеу кезіндегідей қабылдануы тиіс.

2 Оқшаулаудың есепті қалыңдығы шекті қалыңдықтан артық болған жағдайда, неғұрлым тиімдірек жылу оқшаулау материалын алу және, бұл технологиялық үдеріс шарттары бойынша мүмкін болса, жылу оқшаулаудың шекті қалыңдығымен шектелуі қажет.

**Д қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Д.1-кестесі – Жылу оқшаулаудың қорғаныстық жабындарының номенклатурасы,  
техникалық сипаттамалары және болжалды қызмет ету мерзімі**

Материал	Жанғыштық тобы	Қолданылатын қалыңдық, мм	Қызмет ету мерзімі, жыл	
			Үй-жайдан тыс	Үй-жайда
<b>Металдан жасалған</b>				
Алюминийден және алюминий қорытпалардан жасалған табақтар	Жанбайтын	0,3-1,0	12-15	14-17
Алюминийден және алюминий қорытпалардан жасалған таспалар	Жанбайтын	0,3-1,0	10-12	12-14
Үздіксіз жолақтардан тұратын мырышпен қапталған жұқа табақты болат	Жанбайтын	0,35-0,1	10-12	12-14
Полимер жабынды суықтай илемделген орама болат (металл қатпар)	Қиын жанатын	0,8-1,3	6-7	10-12
Электролиттік тұрғыдан мырышпен қапталған, суықтай илемделген жұқа табақты прокат	Жанбайтын	0,7-1,0	10-12	12-14
Жабындық жұқа табақты суықтай илемделген прокат (боялған)	Жанбайтын	0,7-1,2	6-7	10-12
<b>Синтетикалық полимерлер негізінде</b>				
Орама шыны пластик	Қиын жанатын	Беттік тығыздығы 0,41-1,1 г/м <sup>2</sup>	6-8	8-9
Орама шыны пластик	Қиын жанатын	Беттік тығыздығы 0,25 г/м <sup>2</sup>	5-6	6-8
Жылу оқшаулағыш шыны пластик	Қиын жанатын	0,25-0,5	6-8	8-9
ФСП шыны пластигі	Жанғыш	0,6	5-6	6-8
КАСТ-В,КАСТ-В-ТЭ шыны тексолиті	Жанғыш	0,5-1,2	6-8	8-9
Табақтық жамылғы шыны тексолит	Қиын жанатын	0,3-0,8	6-8	8-9

**Д.1-кестесі - Жылу оқшаулаудың қорғаныстық жабындарының номенклатурасы, техникалық сипаттамалары және болжалды қызмет ету мерзімі (жалғасы)**

Материал	Жанғыштық тобы	Қолданылатын қалыңдық, мм	Қызмет ету мерзімі, жыл	
			Үй-жайдан тыс	Үй-жайда
Каландрленген винипласт пленка	Жанғыш	0,4-1,0	3-4	5-6
Жылу оқшаулау жабынына арналған қайталама поливинилхлорид шикізаттан жасалған пленка	Жанғыш	1,3	3-4	5-6
Табиғи полимерлер негізінде				
Изол	Жанғыш	2	2-3	4-6
РКК-350, РКК-400 маркалы рубероид	Жанғыш	2,0-3,0	2-3	6-7
Жабындық пергамин	Жанғыш	1,0-1,5	2-3	4-6
Шыны рубероид	Жанғыш	2,5	3-4	6-8
Минералды				
Жылу оқшаулау конструкцияларына арналған текстолиттік шыны цемент	Жанбайтын	1,5-2,0	5-6	8-10
Жылу оқшаулау жабынына арналған СЦ-ХЛД, СЦ-КЛП маркалы синтезделген цемент	Қиын жанатын	1,8-2,5	5-6	8-10
Асбестті-цементті табақтар	Жанбайтын	6-10	6-8	8-10
Асбестті-цементті толқынды табақтар	Жанбайтын	5-8	6-8	8-10
Асбестті-цементті, құмды-цементті сылақтар	Жанбайтын	10-20	4-5	8-10
Қабатталған				
Жылу оқшаулау конструкцияларына арналған қабатталған алюминий жұқалтыр	Қиын жанатын	0,5-1,5	4-5	6-7
Фольгоизол	Жанғыш	2,0-2,5	4-6	6-7
Фольгорубероид	Жанғыш	1,5-2,0	5-6	6-8
АСТ маркалы фольгоизол	Қиын жанатын	0,25	4-5	6-7

ДЛЯ ЗАМЕТОК

---

ӘОЖ 699.86

МСЖ 91.120

---

**Түйін сөздер:** жылу оқшаулау, жабдық, құбырлар, бу өткізгіштік, температураға төзімділік, жамылғы қабаты, бу оқшаулау қабаты, сақтандыру қабаты, функционалдық талаптар

---

## СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ	2
4 ПРИЕМЛЕМЫЕ СТРОИТЕЛЬНЫЕ РЕШЕНИЯ	2
4.1 Обеспечение механической безопасности	2
4.2 Обеспечение требований пожарной безопасности	7
4.3 Обеспечение требований к теплотехническим материалам по защите здоровья человека, гигиене, охране окружающей среды и пригодности к эксплуатации	8
4.4 Обеспечение безопасности и доступности при выборе материалов	9
4.5 Обеспечение экономии энергии и сокращения расхода тепла	9
4.6 Методы рационального использования природных ресурсов	10
5 МЕТОДЫ РАСЧЕТА ТЕПЛОВОЙ ИЗОЛЯЦИИ ОБОРУДОВАНИЯ И ТРУБОПРОВОДОВ	11
5.1 Расчётные формулы стационарной теплопередачи в теплоизоляционных конструкциях	11
5.2 Расчет тепловой изоляции трубопроводов и оборудования	14
5.2.1 Расчет тепловой изоляции по нормированной плотности теплового потока	15
5.2.2 Расчет толщины изоляции по заданной величине снижения (повышения) температуры вещества, транспортируемого трубопроводами	18
5.2.3 Расчет толщины изоляции по заданной температуре ее поверхности	19
5.2.4 Расчет толщины изоляции, предотвращающей конденсацию влаги из воздуха на ее поверхности	21
5.3 Расчет тепловой изоляции трубопроводов тепловых сетей	22
5.3.1 Надземная прокладка	22
5.3.2 Подземная прокладка в непроходных каналах	23
5.3.3 Подземная бесканальная прокладка	26
Приложение А ( <i>обязательное</i> ) Расчетные технические характеристики теплоизоляционных материалов и изделий	28
